

ЭКОНОМИКА

ЖАЛАҚЫ МЕН ИНФЛЯЦИЯ

экономикалық өсімді талдағанда
осы екі бағдарды ескеру
маңызды

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №44 (6606) 16 мамыр, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ДӘСТҮР

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

ұлттық байқауы



Суретті түсірген Саият СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мәдениет және ақпарат министрлігі дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарлады.

Байқау адамгершілік қасиеттерді жандандыруға, отбасы мәртебесі мен құндылықтарын арттыруға бағытталған. Бәйгеге еңбек пен спортта, шығармашылық және зияткерлік салаларда, ғылым мен өнерде жетістіктері бар отбасылар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді араласатын отбасылар қатыса алады. Конкурсқа қатысуға өтінімдер 15 мамырдан 15 маусымға дейін өңірлік комиссияларда қабылданады. Байқау екі кезеңде өтеді: аудандық (қалалық) (15 маусымнан 30 маусымға дейін) және облыстық (республикалық) маңызы бар қалалар мен елорда) кезең (30 маусымнан 15 шілдеге дейін).

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы Қазақстанның барлық өңірінен үздік деп танылған 20 отбасына беріледі. Конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі Астана қаласында өтеді. Осы жылдар ішінде конкурсқа Қазақстанның барлық өңірлерінен 20 мыңнан астам отбасы қатысты. Биыл қатысуға ниет білдіргендер өз өтінімдерін өңірлік комиссияларға жібере алады.

САРАПТАМА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

заман талаптарына сай жаңарып келеді

Мемлекеттің әлеуметтік саясатын тиімді жүзеге асыруда цифрлық платформалардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары қаншалықты тиімді жүзеге асуда? Азаматтарға қызмет көрсету процесі қаншалықты оңтайландырылды? Цифрлық бірегейлік пен жеке деректер қоры қаншалықты сенімді қорғалған? Мақаламызда әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы цифрландыру процесінің мәні мен мазмұнын талдап көрмекпіз.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Соңғы ширек ғасырда цифрландыру процесі қоғам өмірінің барлық салаларына тереңінен интеграцияланып келеді. Білім беру, бизнес, сауда, логистика, денсаулық сақтау салаларымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету саласында да жоғары тиімділік көрсетіп отыр.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында цифрландыру процесі алғашында жемқорлықпен күресу және мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қолданыл-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

са, бүгінде әлемдік тәжірибеде бұл процесс келесі деңгейге өтіп, бұқаралық сипатта әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың тиімді тетігіне айналды. Қазақстан тек ТМД аймағында ғана емес, әлемдік рейтингтерде де мемлекеттік қызмет көрсету саласында цифрлық құралдар-

ды тиімді енгізу бойынша көшбасшы елдердің бірі. Балабақшаға тіркелу, цифрлық сенімхат қалдыру, электрондық қол қою, несие тарихын қадағалау сынды азаматтардың күнделікті қызметтері бүгінде толығымен цифрлық форматқа ауысқан.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

16.05.2025

Түнде:

+19+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+34+36 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

17.05.2025

Түнде:

+19+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+35+37 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

18.05.2025

Түнде:

+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай, бұршақ.

www.aqshamnews.kz

2



НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

ЖАЛАҚЫ МЕН ИНФЛЯЦИЯ

экономикалық өсімді талдағанда осы екі бағдарды ескеру маңызды

12 мамырда Ұлттық статистика бюросы 2025 жылғы I тоқсандағы жалақының өзгерісі жайлы ақпарат берді. Орташа медианалық жалақы 300 307 теңге болса, атаулы жалақы 423 133 теңгені құраған. Атаулы жалақы 2024 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда, 10,7%-ға өскен. Алайда, жылдық инфляция, 10,7%-ға жеткен. Бұл – бір орында тұрғанымызды білдіреді. Мақалада еліміздегі орташа жалақы мен инфляция арасындағы байланысты талдаймыз.

Биыл 2024 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда, орташа айлық жалақы өскенін жоғарыда атап өттік. Бірақ жалақы барлық салада біркелкі өспеген. Ең жоғары өсім келесі салаларда тіркелген: ақпарат және байланыс – 31,3%; ауыл, орман және балық шаруашылығы – 17,3%; өнер, ойын-сауық және демалыс – 16,1%.

Ал әлеуметтік салаларда өсім баяу. Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде – 6,2%, білім беруде орташа айлық жалақы көлемі 6,1% өскен.

Өңірлер бойынша да біркелкілік байқалмайды. Ең көп өсім Ұлытау облысында – 19,4%, Қостанай облысында – 14,6%, Алматы қаласында – 14,2% және Павлодар облысында 13,5% тіркелді. Ал БҚО (4,7%), Атырау (5%), ШҚО (7,5%) және Қызылорда (7,6%) облыстарында өсім баяулаған.

Орташа айлық көрсеткіші бойынша I тоқсанда Атырау, Маңғыстау және Ұлытау облыстары көш бастап тұр. Атырауда жалақы өсімі баяулағанмен, еліміздегі ең жалақысы жоғары өңір болып отыр.

Жалақы мөлшері бойынша өңірлер арасында дисбаланс байқалады. Алматы қаласынан басқа тұтас оңтүстік өңірлерде жалақы төмен. Есесіне, халық тұтынатын тауарлар мен қызмет көрсету бағасы өзге өңірлерге қарағанда арзан. Себебі, нарықтық экономикада сұраныс



(Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ).

ұсынысты қалыптастырады. Төмендегі кестеде осы және өзге де мәліметтер Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйене отырып дайындалды.

№	Өңірлер	Орташа жалақы (2025 ж. I тоқсан)
1.	Атырау	634 234
2.	Маңғыстау	621 320
3.	Ұлытау	599 046
4.	Астана қ.	563 309
5.	Алматы қ.	518 857
6.	ШҚО	404 799
7.	Павлодар	399 489
8.	Қарағанды	398 805
9.	Ақтөбе	385 569
10.	БҚО	361 848
11.	Қостанай	358 873
12.	Абай	355 108
13.	Қызылорда	354 856
14.	Ақмола	343 471
15.	Алматы	339 185
16.	Шымкент қ.	321 408

17.	Түркістан	310 515
18.	Жамбыл	308 891
19.	Жетісу	308 429
20.	СҚО	300 051

Елімізде орташа жалақымен бірге инфляция да өсуде. Сәуір айындағы жылдық инфляция 10,7% болды. Яғни тауарлар мен қызмет көрсету құны қымбаттаған. Наурыз айында бұл көрсеткіш 10% болған.

Баға ақылы қызметтерге бір жылда 15,7% (2025 жылғы наурызда – 14,3%), азық-түлік емес тауарларға – 8,9% (2025 жылғы наурызда – 9,1%), азық-түлік тауарларға – 8,5% өсті (2025 жылғы наурызда – 7,6%).

Сала бойынша бөліп қарастырғанда, ең жоғары инфляциялық өсім коммуналды тарифтерде байқалған. Өткен жылғы сәуірмен салыстырғанда суық суға – 89,1%, су бұруға – 23,5%, орталықтан жылытуға – 18,7%, қоқыс шығаруға – 16,2%, ыстық суға – 14,4%, газға – 13,3%, электр энергиясына – 11,7%, тұрғын үйді күтіп ұстауға – 10,3% өсті.

Халық тұтынатын азық-түліктер бағасы да өскен. Ең жоғары өсім картопқа – 79%, басты пиязға – 63,8%, қырыққабатқа – 46,8%, күнбағыс майына – 20,8%.

Өңірлер бойынша да инфляциялық жағдай біркелкі емес. Республикалық көрсеткіштен асып кеткен 5 өңір тіркелді. Оларға Астана қаласы, Қарағанды, Ақмола, Алматы қаласы және БҚО кіреді. Төмендегі кестеде Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып инфляциялық көрсеткіші жоғары өңірлер жинақталған.

№	Өңірлер	Инфляция (2025 ж. сәуір, %)
	ҚР	10,7
1.	Астана қ.	13,8
2.	Қарағанды	12,8
3.	Ақмола	11,8
4.	Алматы қ.	11,6
5.	БҚО	11,2

Жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтерден қандай қорытынды шығаруға болады? Орташа жалақы мен инфляция статистикасы бір-бірімен байланысты көрсеткіштер. Сондықтан экономикалық өсімді талдағанда осы екеуін ескеру маңызды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЦИФРЛАНДЫРУ

- Әлеуметтік саладағы цифрлық құралдарды енгізудің мақсаты – азаматтарға тұрғылықтық жеріне қарамастан, тең дәрежеде қызмет көрсету.
- Соңғы бес жылда мемлекеттік қызметтердің 93%-ы онлайн форматта, 91%-ы смартфон арқылы қолжетімді болды.
- 2019–2024 ж.ж. аралығында электрондық платформалар арқылы 3,7 млн.-нан астам қызмет көрсетілген.
- Алматы қаласы Smart City Almaty бағдарламасы аясында қоғамдық көлік, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және қауіпсіздік салаларын цифрландыруды сәтті енгізуде.

(Басы 1-бетте)

Цифрлық платформалар тең мүмкіндік ұсынады

Цифрлық құралдарды жеке секторға қарағанда мемлекеттік қызметке, әсіресе, әлеуметтік салаға кіріктірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл бағытта жүйелі реформалар мен стратегиялық, көпжақты жоспарлау қажет. Азаматтарды жоғары жылдамдықтағы интернетпен, сондай-ақ базалық деңгейдегі цифрлық сауаттылықпен жаппай қамтамасыз ету – негізгі алғышарттардың бірі.

Екінші бір ерекшелігі – көрсетілетін қызметтердің барынша қолжетімді, қарапайым және қауіпсіз болуы. Соңғы жиырма жылда елімізде электрондық үкімет жүйесін кезең-кезеңімен енгізудің нәтижесінде бүгінде жасанды интеллект арқылы адамның бет-бейнесін танып, қашықтан отырып цифрлық қолтаңба қою мүмкіндігіне ие болдық. Бұл жүйелі, кезең-кезеңімен жүргізілген реформаның нәтижесі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

заман талаптарына сай жаңарып келеді



(Дереккөз: www.kazlenta.kz).

Мемлекеттік қызмет көрсету саласының тағы бір маңызды қыры – уақыт талабына бейімделе алу қабілеті. Бұл деңіміз – әр кезеңнің өзекті мәселелеріне жедел әрі тиімді жауап беру, «жаңа мәселелерге – жаңа шешім» ұсына алуы. Мысалы, соңғы екі жылда қоғамда жиі көтерілген маңызды мәселелерге үкімет тарапынан цифрлық құралдарды тиімді кіріктіру арқылы шешім ұсынылды.

Солардың бірі – халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі себепті азаматтардың жоғары пайыздық үстемемен қаржы ұйымдарының құрбанына айналуы. 18 жасқа енді толған жастардың ата-анасының рұқсатынсыз құмар ойындарға тәуелді болып, несиелік қарыз құрсауына түсуі, т.б. Осы үрдістегі мәселелер қоғам назарын аударған еді.

Нәтижесінде соңғы екі жылда үкімет әлеуметтік бағыттағы бірқатар цифрлық қызметтерді енгізді: «Стоп-кредит», «Авто тарихы», «Құмар ойындардан өз еркімен бас тарту», «Несие-бақылау», «Прокурор-

лық фильтр», «Жол қозғалысы ережелерін тексеру емтиханы» және «Цифрлық сенімхат» сынды бастамалар бұл мәселелерді толықтай шешпесе де, оларды бақылауға және басқаруға мүмкіндік берді.

Басым бағыттар

Цифрландырудың басым бағыттарының бірі – азаматтарға күнделікті өмірде өз мүддесін бақылауға және қорғауға мүмкіндік беретін ыңғайлы сервистерді енгізу. Мысалы, «Стоп-кредит» сервисі пайдаланушының келісімінсіз, атына несие рәсімдеуге тыйым салынады. Бұл өз кезегінде қаржылық алаяқтықтың артуы жағдайында олардан қорғанатын аса маңызды құрал. Сервис алдын алу қағидатына негізделіп, егер азамат бұл функцияны іске қосқан болса, ешбір банк немесе микроқаржы ұйымы оның тікелей растауынсыз несие рәсімдей алмайды. Әдетте мемлекеттік органдар мен аза-

маттар арасындағы байланыс ұзақ уақытты қажет ететін, кезекке тұрумен шектелетін процесс болатын. Қазіргі таңда «е-Өтініш» жүйесі арқылы билік пен азаматтар арасында тікелей коммуникациялық байланыс орнады. Бүгінде бұл жүйеге 26 мыңнан астам ұйым, 1100-ден астам әкімшілік орган және 2500-ден астам қызметкер қосылған. Олар күн сайын азаматтардың өтініштерін цифрлық форматта қабылдап, өңдеп отырады. Жүйе іске қосылған сәттен бастап 3,7 миллионнан астам өтініш тіркелген.

Жаһандық тәжірибеден байқағанымыздай, кез келген саладағы жаңартулар мен өзгерістерге бейімділік мемлекеттік қызмет көрсету саласында да маңызды. Бұл салада цифрлық құралдарды кіріктіру ұзақ мерзімді, жүйелі жаңартуларды қажет етеді. Ешбір мемлекет цифрлық қызметтерді толық енгізіп, барлығы мінсіз жұмыс істеп тұр деп айта алмайды. Себебі, мемлекеттік қызмет көрсету – әлеуметтік сипаттағы құбылыс ретінде қоғам тарапынан туындайтын сұраныстарға уақытылы әрі тиімді жауап беру арқылы ғана анықталады.

Елімізде соңғы бес жыл ішінде әлеуметтік саясатты іске асыру барысында мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы байланысты цифрлық форматта ұйымдастыруда елеулі жетістіктерге қол жеткізілді. Алайда, бұл – тек бүгінге дейін жасалған жұмыс. Болашақта бәсекеге қабілетті болу үшін мүмкін болатын барлық инновациялық шешімдерді алғашқы болып енгізу – біздің стратегиялық ұмтылысымыз болуы тиіс.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

Көлік-логистика саласындағы ахуал:

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНА
НЕ КЕДЕРГІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен көлік-логистика саласын дамыту мәселелері бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында бір-қатар орталық мемлекеттік органдар басшыларының баяндамалары тыңдалды.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Президент көлік саласындағы ахуалды сынға алды. Қордаланған проблемалар мен белгіленген межелердің орындалмауы жаңғырту жұмыстарын жүргізуге кедергі келтіріп отырғанын, шекарадан жүк өткізудің қиындығын, көптеген өткізу бекеттерінің жағдайы нашар екенін, сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық-транзиттік жобалардың өз уақытынан кешігіп жатқанын айтты. «Жасыл дәліз» жүйесін ұйымдастырып, еліміздің логистикалық әлеуетін оңтайлы пайдаланудың маңызына тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, жаһандық сын-қатерлер күшейген кезеңде Қазақстан өзінің бәсекелестік артықшылығын сақтап қана қоймай, оны нығайта түсуге тиіс. Жүк тасымалы көлемін арттыру үшін нарықты авиаотынмен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету қажет.

Бұдан бөлек, мультипликативтік тиімділікті көтеру мақсатында еліміз арқылы өтетін жүк тасымалы көлемін ұлғайту, соның ішінде әлемдік жеткізу тізбегіне қосылу міндеті қойылды. Жиын соңында Президент министр Марат Қарабаевқа жұмыс барысында жіберген кемшіліктері

үшін сөгіс жариялады. Мемлекет басшысы көлік-логистика саласындағы проблемаларды шешуге қатысты нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Осыған орай, Үкіметте Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша өткен алқалы жиында Президент тарапынан айтылған сынды ескере

отырып, негізгі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мерзімдерін қысқарту мәселелері қаралды. Қазақстан аумағында орналасқан өткізу пункттерін жаңғырту бойынша көрші елдермен уағдаластықтарды сапалы әрі уақытылы іске асыруға назар аударылды. Еліміздің нарығын қолжетімді бағадағы авиациялық отынмен қамтамасыз ету үшін отандық мұнай өңдеу зауыттарын

жаңғыртуды жеделдету туралы шешім қабылданды.

Кеңесте Олжас Бектенов «жасыл дәліздерді» ұйымдастыру және тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстардың нәтижелері азаматтар мен бизнес үшін айқын болуы қажет екенін атап өтті. Тиісті органдарға транзиттік жүктерді кедендік тексерусіз өткізу тетігін енгізу тапсырылды. Қазақстандық сыртқы терминалдарды қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Президент тапсырмаларын ескере отырып, теміржол (20,5%) және құбыр желісі арқылы (19,5%) жүк тасымалдау көлемінің ұлғаюы аясында Көлік, Қаржы министрліктеріне мүдделі ұйымдармен бірлесіп бір апта мерзімде сауда және транзит ағынына әсер ететін басым жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға екі күн мерзімде жергілікті жерлердегі жұмыстарды бақылау мақсатында өңірлерге барып, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі шаралардың егжей-тегжейлі жоспарын дайындау тапсырылды.

СӘТ-САПАР

ЖАҢА ӘУЕ МАРШРУТТАРЫ

биылғы мамыр айынан бастап Қазақстаннан 10 елге ұшуға мүмкіндік береді

ҚР Көлік министрлігі жаңа халықаралық әуе маршруттарын іске қосу аясында тұрақты жұмыс жүргізуде. Осы жылдың мамыр айынан бастап Қазақстаннан 10 елге ұшуға мүмкіндік беретін жаңа әуе бағыттары ашылды. Бұл мемлекеттердің қатарында Мажарстан, Германия, Түркия, Грузия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай, Корея және Вьетнам бар, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

«SCAT» әуе компаниясы Шымкент қаласының әуежайынан 27 мамырдан бастап – Будапештке (Мажарстан) аптасына 2 рейс, Мюнхенге (Германия), аптасына 3 рейс, ал 29 мамырдан – Шанхайға (Қытай) аптасына 2 рейс, Сеулге (Корея), аптасына 2 рейс жаңа әуе маршруттарын ашуды жоспарлап отыр.

«Air Astana» әуе компаниясы да бірқатар жаңа халықаралық авиамаршруттар

ды іске қосуды жоспарлап отыр: 14 мамырдан Астана–Дананг (Вьетнам, аптасына 2 рейс), 27 мамырдан Атырау–Тбилиси (Грузия, аптасына 3 рейс), 28 мамырдан Алматы–Ош (Қырғызстан, аптасына 4 рейс), 31 мамырдан Атырау – Баку (Әзербайжан, аптасына 3 рейс) бағдарларына жол ашылмақ.

Ал «Fly Arystan» әуе компаниясы 18 мамырдан Алматы–Құлжа (Қытай, аптасына 2 рейс), 28 мамырдан Астана–Газипаша (Түркия, аптасына 2 рейс) бағыттарын ашса, өзбекстандық «My Freighter» (Centrum Air) әуе компаниясы биылғы жылдың 5 мамырынан бастап аптасына 2 рейс жиілігімен Алматы – Ташкент (Өзбекстан) бағытын іске қосты.

Сондай-ақ, осы жылдың 13 мамырынан бастап «Azerbaijan Airlines» әуе компаниясы Астана–Баку (Әзербайжан) бағыты бойынша рейстердің жиілігін аптасына 3-тен 4 ретке дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

ҮКІМЕТ

Елдімекендердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі:

ӨҢІРЛІК СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІ

Ең жоғары көрсеткіш – Алматы қаласында тіркелді

Үкіметте вице-премьер Қанат Бозымбаев министрліктермен, облыстық және қалалық әкімдіктермен жаңа Бюджет кодексі шеңберінде Өңірлік стандарттар жүйесін түсіндіру бойынша кеңес өткізді.

пен қоршаған ортаны қорғау, ақпараттық коммуникациялық жүйе, тұрмыстық қызмет көрсету инфрақұрылымы, қызметтер инфрақұрылымы, бос уақыт пен демалыс бойынша қамтамасыз етілу деңгейі ескері-

леді. Осылайша ӨСЖ өңірлер арасындағы және өңір ішіндегі инфрақұрылымға қол жеткізу теңсіздігін азайтуға, елдімекендердің дамуын тиімді жоспарлауға және бюджет қаражатын әділ бөлуге мүмкіндік береді.

Елдімекендердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі бойынша ең жоғары көрсеткіш – Алматы қаласында (90,9%), ал ең төмен көрсеткіш – Абай (58,1%) және Ұлытау (55,3%) облыстарында



(Коллаж: egemen.kz).

Өңірлік стандарттар жүйесі (ӨСЖ) – бұл республикалық маңызы бар қалалардан бастап ауылдарға дейінгі елдімекендер тұрғындарына әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымы нысандары мен қызметтерімен қамтамасыз етілуі тиіс негізгі тізім.

Халықтың өмір сүру сапасын теңестіру мақсатында үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттерді қалыптастыру кезінде ӨСЖ-нің 12 бағыты: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, инженерлік инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы, жол инфрақұрылымы, мәдениет және спорт, қауіпсіздік

тіркелді. Мониторинг нәтижесі бойынша бұл екі өңірде базалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі төмен.

Осыған байланысты Қанат Бозымбаев Ұлытау және Абай облыстарының әкімдіктеріне ӨСЖ аясында алшақтықтарды қысқарту бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, вице-премьер салалық мемлекеттік органдарға сондай-ақ Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдіктеріне Өңірлік стандарттар жүйесін жергілікті деңгейде енгізуге байланысты барлық бюрократиялық үдерістерді жеделдетуді тапсырды.

ЖАҢА ЖОБА

БҰҰ еріктілер қозғалысы:

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ

ӨҢІРЛІК КЕҢСЕ

Алматыда ашылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 2026 жылды Тұрақты даму мақсаттарындағы Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялаған болатын. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, осы бағдарға орай Астанада Халықаралық еріктілер жылына дайындық және өткізу жөніндегі Ұлттық ұйымдастыру комитетінің алғашқы отырысы өтті.

Жиынға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойлы Құрбанов, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және волонтерлік бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Аида Балаева мәлімдегендей, қазақстандықтар әлемнің түкпір-түкпірінде еріктілік жобаларға, соның ішінде БҰҰ, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың бастамаларына белсенді атсалысып келеді.

Ұлттық ұйымдастыру комитетінің отырысында волонтерлер қозғалысын дамытуға және азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталған маңызды бастамалар мен алдағы іс-шаралар талқыланды. Спикерлер сонымен қатар, Еріктілер жылына дайындық барысы туралы айтып, жаңа жобаларға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Отырыста маңызды жаңалық – Алматы қаласында БҰҰ Еріктілер қозғалысының Орталық Азиядағы субөңірлік кеңсесі ашылатыны жария етілді.

«Біздің ортақ міндетіміз – мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық ұйымдар, білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат

құралдары бірлесіп, волонтерлікке қолдау көрсетудің орнықты жүйесін қалыптастыру. Бұл бағыттағы жұмыс барлық тараптың үйлесімді ынтымақтастығына негізделуге тиіс», – деді Аида Балаева.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». Дереккөз: akorda.kz, primeminister.kz, ortcom.kz.



(Фото дереккөз: dalanews.kz).

ФОРУМ

АЛМАТЫ КІТАПХАНАЛАРЫ МЕН
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КІТАПХАНАЛАРЫ
АРАСЫНДАҒЫ АЛМАСУ

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТӘЖІРИБЕ
АЛМАСУ:

маңызды алаң

Алматы қаласы мен Алматы облысының
кітапханалары меморандумға қол қойды.Досбол
АТАЖАН

Alatau Creative HUB орталығында кітапханалардың ерекше форумы өтті. Оны Алматы кітапханалары мен Алматы облысының кітапханалары бірлесе ұйымдастырды. Бұл іс-шара кітапхана саласындағы автоматтандыру, цифрландыру, өзін-өзі қызмет көрсетуге арналған автономды кітапханаларды енгізу және басқа да заманауи шешімдер бойынша тәжірибе алмасуға арналған маңызды алаң болды.

Форум аясында екі тарап өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат кітап қорының сақталуы, кітапханашылардың біліктілігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу және оқырмандарға қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесін дамыту бағытында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Алматы кітапханаларының директоры Мейрам Бектембаевтың айтуынша, балалар үшін де жаңа жобалар қолға алынып жатыр. Жақын арада қалалық кітапханаларда балалар бұрыштары ашылады және Sony Playstation ойын құрылғылары орнатылады. Оны ойнауға тек кітап оқып, мазмұнын кітапханашыға айтып берген соң ғана рұқсат беріледі. Бұл – балаларды кітап оқуға ынталандырудың тың әдісі болмақ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейрам БЕКТЕМБАЕВ,
Алматы кітапханаларының директоры:ҚОЛЖЕТІМДІЛІКKE
БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМ

Бұл бастама – мегаполис пен оған шекарасы аймақтарда тұратын тұрғындарға кітапхана қызметін қолжетімді етуге бағытталған қадам. Қазіргі таңда Алматы қаласында тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар абонемент бөлімі арқылы кітап ала алмайды. Олар тек оқу залын пайдалана алады. Осы шектеу әсіресе, Алматы облысында тұрып, қалаға күнделікті келіп-кететіндерге қиындық туғызады. Жаңа меморандумның аясында Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындары тіркеуіне қарамастан, екі аймақтың кітапханалық қорын тең дәрежеде пайдалана алады.

Бұл бастама екі тарап арасындағы оқырман билеттерін өзара мойындау және қызмет көрсету жүйесін енгізу арқылы жүзеге асады. Алматы қаласының кітапханашылары үшін шетелдік тәжірибе алу мүмкіндігі де жолға қойылған. Мәдениет басқармасы мен қала әкімдігінің қолдауымен соңғы үш жыл ішінде кітапхана қызметкерлері Финляндия, Эстония және Швеция елдерінде тағылымдамадан өтіп қайтты. Одан бөлек, Алматы қаласындағы 28 кітапхана филиалының 95%-ы жаңғыртудан өтті. Ал метрополитен мен сауда-ойын-сауық орталықтарында автономды өзін-өзі қызмет көрсету кітапханалары орнатылды. Бұл – бірегей оқырман билеті бар кез келген азаматқа кез келген нүктеден кітап алып, қайтаруға мүмкіндік береді.

СЕМИНАР

ЗАМАНАУИ АТА-АНА:

жаңа буынның тәрбиесі мен жасөспірімдер
денсаулығын қорғаудағы құндылықтар

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде осы тақырыпта ата-аналарға арналған кең ауқымды іс-шара өтті. Басқосу репродуктивті денсаулықты сақтау апталығы және 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні аясында ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Семинар Алматы қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы мен Алматы қаласы Білім басқармасының медиа-жоспарына сәйкес өтті. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында іске асырылды. Сонымен қатар, IV Ұлттық құрылтайда Президенттің жастар тәрбиесіне, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге орай айтқан бастамаларымен тығыз байланысты.

Іс-шараға қала колледждерінің өкілдері, тәжірибелі дәрігерлер, кәсіби психологтар, үкіметтік емес ұйымдардың мамандары және студенттердің ата-аналары қатысты. Ата-аналар мен мамандар жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, отбасындағы тәрбие мәселелері, цифрлық дәуірдегі бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас жөнінде кеңінен пікір алмасты. Отбасы институтын нығайту, ата-ананың тәрбиелік рөлін арттыру мәселелері негізгі басымдыққа ие болды. Ата-аналарға бала тәрбиесінде саналы көзқарас қалыптастыру, жастардың денсаулығына көңіл бөлу, отбасылық қарым-қатынасты жақсарту сияқты тақырыптарда нақты ұсыныстар айтылды.

Семинарға қатысушылар колледждің материалдық-техникалық

ҚАУІПСІЗДІК

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ –

ортақ жауапкершілік

Қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігі – аса маңызды мәселе. Әсіресе, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жиілеп бара жатқан кезеңінде тұрғындарды дер кезінде хабардар ету, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және алдын алу шараларын ұйымдастыру – мемлекеттік органдар өкілдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Алматы қаласы Медеу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі де осы бағдардағы жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі бағыттағы шаралар қолға алынған. Мәселен, көпқабатты тұрғын үйлерде, оқу орындарында және қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қадағалау, ескерту және оқыту жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылады. Бұ-



базасымен танысып, заманауи тәрбие әдістеріне байланысты мамандардың баяндамаларын тыңдады. Психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер баламен сенімді қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесінде ата-ананың жеке үлгісі мен әңгіме арқылы әсер ету жолдарын нақты мысалдармен түсіндірді. Сонымен қатар, репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша дәрігер-мамандар кеңес беріп, алдын алу шараларына назар аударды.

Басқосуда ата-аналар мен мамандардың қатысуымен ашық пікірталас ұйымдастырылып, көкейде жүрген сұрақтарға жауап алынды. Бұл еркін алаңда ата-аналар бала тәрбиесінде жиі кездесетін түйткілдермен бөлісіп, мамандардан бағытбағдар алды. Мұндай кездесулер ата-аналар қауымының тәрбиелік жауапкершілігін күшейтіп, колледжбен ата-ана арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етері сөзсіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанат АЙТПАЕВА,
Алматы қаласы әкімі аппаратының бас инспекторы:

МАҚСАТ – ЖАС ҰРПАҚҚА ДҰРЫС БАҒЫТ БЕРУ

Семинар республика көлемінде өтіп жатқан репродуктивті денсаулық апталығы аясында өткізілді. Алматы қаласының білім және денсаулық сақтау ұйымдары бұл бастамаға белсене қатысып отыр. Отбасы – қоғамның тірегі. Сондықтан ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, отбасы құндылықтарын сақтау – аса маңызды міндет. Біз бұл іс-шараны формалды өткізу үшін емес, нақты нәтижеге жету үшін ұйымдастырдық. Қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсетіліп, тәрбиелік мәні бар нақты жұмыстар қолға алынды. Осындай кездесулер арқылы қоғамдағы ата-аналардың жауапкершілігін арттырып, жас ұрпаққа дұрыс бағыт беруіміз керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алишер ГИЗЗАТОВ,
Медеу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты:

ҮЗДІКСІЗ АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫС

Біздің бөлімнің негізгі мақсаты – тұрғындардың өмірі мен денсаулығын, мүлкін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау. Бұл – өте үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет. Жыл он екі ай бойы біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар жүргізіп келеміз. Әр маусымның өз ерекшелігі мен қауіп-қатері болады. Мәселен, көктемде – су тасқынына, жазда – дала және орман өртіне, күзде – күшті жел мен нөсер жаңбырға, ал қыста – қар көшкіні мен аязға қатысты алдын алу шараларын күшейтеміз. Кез келген қауіптің алдын алу жұмыстары тек төтенше жағдайлар қызметінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі екенін атап өткім келеді. Әрбір тұрғын өз өмірі үшін жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік ережелерін сақтаса, біз көптеген келеңсіздіктің алдын ала аламыз. Қауіпсіздік – бұл бір күндік науқан емес, тұрақты әрі үздіксіз атқарылатын жұмыс.



КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Алматыдағы ауқымды жоба:

MBA БАҒДАРЛАМАСЫ

іскерлік ортада қазақ тілінің қолданылуына жол ашады

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат ХАЛЫҚ,
экономист, жоба жетекшілерінің бірі,
SANA Business Academy директоры:

АНА ТІЛІМІЗДЕ КӘСІБИ КАДРЛАР
ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

MBA – бизнесті басқару бойынша магистр дәрежесіндегі жоғары білім. Бұл бағдарлама алғаш рет Америкадағы Гарвард университетінде пайда болып, бүгінде бүкіл әлем бойынша мойындалған. Қазақстанда бұл білім түрі соңғы 30 жылдан бері бар, алайда осы уақытқа дейін негізінен өзге тілде ғана жүргізіліп келді. Ең бір қуанарлық жәйт – бұл бағдарламаның енді қазақ тілінде жүргізілуі. Ана тілімізде оқыту басталып жатыр. Бүгінге дейін қазақ тілінде MBA бітірген азаматтардың саны 50-ге де жетпейді.

Бұл – жоғары деңгейдегі топ-менеджерлерге арналған бағдарлама. Кемінде үш жыл кәсіпкерлік тәжірибесі бар азаматтар осы бағдарлама арқылы бизнесті басқарудың терең тетіктерін меңгеріп шығады. Яғни кәсіпті қалай жүйелеу керек, қалай масштабтау керек, қалай тиімді басқару керек – бәрін толық қамтитын, практикалық негізге құрылған оқыту форматы. Сонымен қатар, дәріс беретін мамандар кемінде 10 жыл тәжірибесі бар, өз саласының білікті кәсіби оқытушылары. Бұл бастама қазақтілді кәсіби кадрларды дайындаудың жаңа кезеңі деп сенемін.

Айгерім АЛМАСҚЫЗЫ,
Narхоз университеті Бизнес мектебі
директорының орынбасары:

ЖАҢА БУЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖОБА

Бұл бағдарламаны біз өткен қыркүйек айынан бастап мұқият әзірлеп, құрылымдап, бүгінгі күнге дейін тыңдаушыларды жинадық. Қазір алғашқы топта 17 адам білім алуға қабылданып отыр. Бұл – жаңа буын басшылардың қалыптасуына негіз болатын толқын деп сенеміз.

Бағдарламаға қатысып жатқан азаматтар тек жеке кәсіби білімін арттырып қана қоймай, өз компаниялары үшін де құнды инвестиция жасап жатыр. Яғни әрбір тыңдаушы өзінің ғана емес, бүкіл ұйымының даму болашағына үлес қосуда. Алдағы уақытта осы бағдарламаны өзге қалаларда да ашу жоспары бар. Бұл бастама тек Алматымен шектеліп қалмай, бүкіл Қазақстанға тарайтын ауқымды жобаға айналады деген үміттеміз.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚАЗАҚ ВЕТЕРИНАРИЯСЫ:

жетістіктер мен жаңа сын-қатерлер

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әспен АБУТАЛИП,
Бруцеллез зертханасының бас ғылыми қызметкері,
в.ғ.д., профессор:

АДАМЗАТ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР ҒЫЛЫМ

Бұл тек ветеринария ғылымының алғашқы мекемесі ғана емес, жалпы қазақ ғылымының тұңғышы деуге толық негіз бар. Қазір бұл пікірді көпшілік мойындап отыр. 2005 жылы институттың 100 жылдығына орай пошта маркасы шығарылып, 500 мың дана тиражбен таратылды. Бүгінгі конференцияға алыс-жақын шетелдерден көптеген танымал ғалымдар келді. Швейцария, Польша, Германия, Ресей, Тәжікстан сияқты елдерден келген қонақтар өз құттықтауларын жеткізді. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар – ФАО, МЭБ сияқты мекемелердің өкілдері де қатысып жатыр. Өйткені, Қазақстанда ветеринария ғылымымен айналысатын бірден-бір ғылыми мекеме – осы институт. 1920 жылдары елімізде көптеген індет таралып, жаппай мал қырылған кезең болды. Сол кезде біздің институт дайындаған вакциналар мысалы, ірі қараның лептоспирозына, топаңаңға, шошқа тілмесіне, құстың тырысқағына қарсы шығарылған дәрі-дәрмектер індетпен күресуге үлкен үлес қосты. Кейін соғыс пен соғыстан кейінгі кезеңде бруцеллез, туберкулез секілді аурулар кең тарады. Мұндай дерттермен күрес үшін диагностика құралдары мен вакциналар осы институтта дайындалды.

Негізгі бағытымыз – жануарлар арасындағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, мониторинг жүргізу, емдеу тәсілдерін жетілдіру. Қазіргі таңда туберкулез, лейкоз, табиғи дерматит, құтыру сияқты ауруларға қарсы ұлттық бағдарламалар жасалып, ветеринария саласында қолданыс тауып отыр. Бізден шығатын вакцина, дәрі-дәрмектер шалғай ауыл-аймақтарға да жеткізіледі. Облыстар мен аудандарда арнайы ветеринариялық зертханалар бар. Солардың күнделікті жұмысына қажетті диагностикалық құралдар мен вакциналардың басым бөлігін біздің институт дайындайды. Қазір топаңаңға, құтыруға, бруцеллезге қарсы түрлі вакциналар шығарылып жатыр. Бұл препараттар еліміздің ауылшаруашылық саласына кеңінен қолданылады. «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген сөз жиі айтылады. Өйткені, қазіргі таңда адам мен малға ортақ, тіпті жануарлардан адамға жұғатын түрлі аурулар белгілі. Сол ауруларды жануарлар арасында тоқтату арқылы біз адамдардың да денсаулығын қорғаймыз. Мысалы, бруцеллез – адамнан адамға жұқпайды, тек малдан жұғатын ауру. Сондықтан ветеринария ғылымының маңызы зор.

Микроорганизмдердің молекулалық биологиясы мен геномикасы; Ветеринария ғылымындағы пәнаралық тәсілдер мен заманауи зерттеу әдістері кеңінен талқыланды. Конференция аясында ҚазҰЗВИ тарихы мен ғылыми жетістіктеріне арналған мерейтойлық кітаптың тұсаукесері өтті. Институттың вакциналар, диагностикалық құралдар, ғылыми еңбектер мен архивтік материалдарын қамтыған жетістіктер көрмесі ұйымдастырылды.

Іс-шараға қатысқан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова: «Бұл мерейтой –

институт ұжымы үшін ғана емес, бүкіл отандық ғылым үшін де маңызды. 1905 жылы негізі қаланған Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты – еліміздегі тұңғыш ғылыми мекеме ретінде Қазақстан ғылымының бастауында тұрған іргелі ұйым болып саналады. Содан бері ол мал шаруашылығы, ветеринария және қоғамдық денсаулық сақтау салаларында терең із қалдырды. Институт құрылған алғашқы жылдардан бастап жануарлар ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу салаларында ғылыми негіздерді қалыптастырды», – деді.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл бизнес басқарудың жетілдірілген жоғары білімін мемлекеттік тілде беретін елдегі алғашқы жоба. Аталмыш бастаманың тұсаукесер салтанаты рәсіміне саладағы жетекші сарапшылар, оқытушылар мен кәсіпкерлер, болашақ түлектер қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, EMBA 25 kz – тек

білім беру емес, отандық кадрлардың басқарушылық әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық жоба. Бағдарлама қазақ тілінде толық ұсынылып, ана тіліміздің іскерлік ортада кеңінен қолданылуына да жол ашады. Сонымен қатар, бұл кәсіби менеджерлер мен басқарушылар тобын ұлттық санада ойлап, ана тілінде сөйлейтін жаңа буын етіп қалыптастыру үшін де маңызды.



Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты 1905 жылы 14 қаңтарда Орынбордағы ветеринариялық-бактериологиялық зертхана негізінде құрылған. Мерейтойға орай «Қазақ ветеринария ғылымына 120 жыл: биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жетістіктер мен жаңа сын-қатерлер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік ғылыми жиын өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚазҰЗВИ – Қазақстандағы ең көне ғылыми мекемелердің бірі. Институт қазіргі таңда «QazBioPharm» ұлттық холдингі құрамында жұмыс істеп, жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларына қарсы ғылыми-зерттеулер мен диагностикалық шешімдерді әзірлеумен айналысады. Оның зерттемелері ветеринария, эпизоотология және биологиялық қауіпсіздік салаларында кеңінен қолданылады.

Екі күнге созылған жиынға 300-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында ҚР Президенті Әкімшілігінің, Парламент Мәжілісінің, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің, Алматы қаласы

әкімдігінің өкілдері, сондай-ақ Қазақстан мен шетелдің жетекші ғылыми мекемелерінің ғалымдары болды. Шетелдік делегаттар арасында Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Швейцария, Беларусь, Тәжікстан, Грузия және басқа да елдерден келген мамандар да бар. Іс-шара аясында 80-нен астам ғылыми баяндама тыңдалды. Пленарлық отырыста отандық және халықаралық сарапшылар ветеринария ғылымының заманауи жетістіктері мен жандық сын-қатерлер туралы ой бөлісті. Ал төрт тақырыптық секцияда қатысушылар ветеринария саласындағы өзекті мәселелерді кеңінен талқылады. Негізгі бағыттарды атап айтқанда, жануарлардың жұқпалы, паразитарлық және жұқпалы емес ауруларын диагностикалау, алдын алу және емдеу, Биологиялық қауіпсіздік саласындағы биотехнологиялық инновациялар: зертханадан – өндіріске дейін;



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Ата-аналар үшін маңызды іс-тердің бірі – баланы кішкентайынан қаржыны дұрыс басқаруға үйрету. Себебі, ақшаны үнемдеу мен жинақтау дағдысын ерте қалыптастыру болашақта үлкен пайдасын тигізеді. Осыған байланысты біз «Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл ТҮСІПОВАМЕН сөйлесіп, балаларға арналған «Ақыл», «Арнау» және «Баспана» депозиттері туралы соңғы мәліметтер мен олардың қандай мүмкіндіктер беретінін сұрап білдік.



– Данагүл ханым, еліміз бойынша балаларға арналған депозиттерге сұраныс қандай? Қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

– Балаларға арналған депозиттердің танымалдығы жылдан-жылға артып келеді. 2025 жылғы 1 сәуірдегі деректерге сүйенсек, республика көлемінде «Ақыл» депозиті бойынша 74 185 шот ашылған. Бұл – болашақта баланың оқу ақысын төлеуге бағытталған білім беру депозиті. Ата-аналар осы шоттар арқылы жүйелі түрде қаражат жинауда. «Арнау» депозиті – баланың атына ашылып, болашақта үй алуға мүмкіндік беретін жинақ түрі. Бүгінгі күнге дейін 32 780 шот ашылып отыр. Бұл бағытта депозит ашу соңғы жылдары белсенді түрде жүргізілуде. Ал «Баспана» депозиті – ең танымал жинақ түрі. Бүгінде балалар атына ашылған 317 600-ден астам шот бар. Бұл – отбасылардың баспана мәселесін ерте шешуге ұмтылатынын көрсетеді.

– Алматы қаласы бойынша нақты сандарды атап өте аласыз ба? Қала-



лық ата-аналардың белсенділігі қандай деңгейде?

– Алматы – еліміздегі ең ірі және қарқынды дамып жатқан мегаполис. Бұл қалада тұрғын үйге деген сұраныс өте жоғары, сол себепті ата-аналар балалардың болашағына ерте қам жасап, қаржы жинауға мүдделі. Қазіргі таңда Алматыда балаларының атына депозит ашқан отбасылар көп. Бұл көрсеткіш – алматылықтардың қаржылық сауаттылығының артқанын және баласына баспана алып беруді ұзақ мерзімді мақсат етіп қойғанын көрсетеді.

• Жалпы, көрсеткіштер бойынша Алматы қаласы көшбасшылардың қатарында деп айтуға болады. «Ақыл» депозиті бойынша 5818 шот ашылған. «Арнау» депозиті бойынша 2524 шот тіркелген. Бұл өнім жақында ғана енгізілгенімен, оған деген қызығушылық артып келеді. «Баспана» депозиті бойынша балалардың атына 30 456 шот ашылған. Қазір осы шоттарда жалпы сомасы 10 миллиард теңгеден астам қаражат жинақталған.

– Бұл депозиттер ата-аналарға қандай нақты пайда береді? Жалпы, мемлекет тарапынан балалар депозитіне қолдау көрсетіле ме?..

– Әр депозит түрі – белгілі бір мақсатқа бағытталған құрал. Мысалы, «Ақыл» – білім алуға, «Арнау» – үй алуға бастапқы жарна жинауға, ал «Баспана» – баланың болашақ баспанасына қол жеткізу үшін ұзақ мерзімді шешім. 20% мемлекеттік сыйлықақы (200 АЕК-тен аспайтын жинақ сомасына есептеледі) және 2% банк сыйақысы қосылып, бұл жинақтарды әлдеқайда тиімді етеді.

– Шоттарды ашу процесі қиын емес пе? Ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Шот ашу өте оңай: ата-ана баласының туу туралы куәлігімен банк бөлімшесіне келсе немесе Otbasu bank мобильді қосымшасы арқылы онлайн ашуға болады. Ең бастысы – жүйелі түрде ақша салып отыру. Жинақ аз сомадан басталуы мүмкін, бірақ уақыт өте үлкен көмекке айналады.

– Осы бастамалар арқылы қаржы сауаттылығы қалай дамып жатыр деп ойлайсыз?

– Балалар депозиті – қаржы мәдениетін ерте қалыптастырудың тиімді

жолы. Бала шотын өзі қадағалап, қаражатын жоспарлауды үйренеді. Банк ретінде біз балалар мен жасөспірімдерге арналған қаржылық сауат сабақтарын, интерактивті материалдар мен тренингтерді тұрақты түрде ұсынып келеміз. Бұл – саналы тұтынушы тәрбиелеудің алғышарты.

– Жалпы, ата-аналар балалар атына депозитті неше жастан бастап аша алады және қандай шарттар қарастырылған?

– Депозитті баланың дүниеге келген сәтінен бастап-ақ ашуға болады. Яғни ата-ана сәби туған күннен бастап шот ашып, жүйелі түрде қаражат жинай бастай алады. Бастапқы жарнаға шектеу жоқ – ата-ана өз мүмкіндігіне қарай ай сайынғы соманы белгілейді. Ең бастысы – тұрақтылық. Сол арқылы болашақта тұрғын үйге арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі пайда болады.

– Қазіргі таңда көптеген ата-аналар балаларына ертерек үй алып беруді, тіпті балалардың атына депозит ашып, баспаналы болуын қамтамасыз етуді жөн көреді. Бірі мұны дұрыс бастама десе, енді бірі «дайын үйдің қадірін білмейді» деп сын айтады. Осыған байланысты сіздің көзқарасыңыз қандай, Данагүл ханым?

– Бұл – өте орынды әрі өзекті сұрақ. Біздің ойымызша, баланың болашағын алдын ала жоспарлап, оған қаржылық тәуелсіздікке бастар жолды ерте бастан дайындау – ата-ана көрегендігінің белгісі. Балаларға үй алып беру – бұл тек мүлік емес, олардың болашағына салынған инвестиция. Әрине, баланы қаржылық сауаттылыққа баулу да маңызды. Сондықтан ата-ана баламен ашық сөйлесіп, оның бұл үйге қол жеткізуі үшін қандай еңбек, қандай үнемдеу қажет болғанын түсіндірсе, бала оны қадірлейді, бағалайды. Бұл жерде материалдық құндылықпен қатар, тәрбиелік мән де зор.

– Сұхбатымызға уақыт бөліп, маңызды ақпараттармен бөліскеніңіз үшін зор алғыс айтамыз. Еліміздің әрбір отбасы баспаналы болып, бала болашағына сенімді қадам жасай берсін!

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ОЙТҮРТКІ

ЭКРАНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

Смартфон, планшет және теледидар – ата-аналар үшін уақытша көмек құралына айналғанымен, бала психологиясы мен физиологиясына терең ықпал ететін фактор екенін ұмытпаған жөн.



Ернұр
РЫСБАЙ

Бала үшін экраннан көрінетін түрлі жарқын бейнелер, жылдам ауысып тұратын кадрлар, қызықты дыбыстар мидың дофамин бөлуін ынталандырады. Бұл – баланың миында уақыт өте келе осы әсерді қайталап алуға деген қажеттілік тудырады. Нәтижесінде бала гаджетке тәуелді болып, одан алыстаса, ашушандық, жылау, селқостық сияқты белгілер байқалады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 2 жасқа дейінгі балаларға экранмен байланыс мүлде болмауы керек деген ұсыныс береді. Ал екі жастан асқан балалар үшін экран уақытын тәулігіне 1 сағаттан асырмау қажет деп есептейді. Экран алдында көп уақыт өткізу балада зейіннің төмендеуіне, сөйлеу қабілетінің кешеуілдеуіне, шынайы әлеуметтік байланыстардан алыстауына себеп болуы мүмкін.

Психолог мамандардың айтуынша, әсіресе, 3 жасқа дейінгі баланың миы ең қарқынды дамиды. Бұл кезде бала нақты адамдармен, шынайы дауыстармен, мимика мен қимылдар арқылы байланыс орнатуы тиіс. Экран мұндай тірі қарым-қатынасқа балама бола алмайды. Сондықтан келесідей қадамдарды жасау қажет. Ең алдымен, баланың күн тәртібін нақты ұйымдастыру. Бос уақытын белсенді ойынмен, сурет салумен, кітап оқумен

бала психикасына қалай әсер етеді?



(Сурет: Жасанды интеллект)

толтыру. Экранды тәрбие құралы ретінде емес, шектеулі уақыттық пайдалы ойын құралы ретінде қарастыру. Өздеріңіз де экран алдында ұзақ отырмауға тырысу – бала ең алдымен ата-анадан үлгі алады.

Гаджет – заман талабы десек те, оның балаға берер әсерін бақылаусыз қалдыруға болмайды. Бала – тірі қарым-қатынасқа, махаббатқа және ойын арқылы дамуға бейім болады. Сондықтан да экран емес, ата-ана – баланың алғашқы ұстазы болуы керек.

✓ МАМАН КЕҢЕСІ

Ақтолықын ӘШІРӘЛИЕВА,
психолог:

Бала үшін қауіпті әдет

Соңғы жылдары ата-аналар тарапынан «Балам тұйық, көп сөйлемейді, тек телефон ұстап отыра береді» деген шағым жиілеп кетті. Мұндай балалармен жұмыс істегенде олардың шынайы өмірмен байланысы әлсірегенін байқаймыз. Бір мысал айтайын. Жақында 3 жасар ұлын ерткен жас ана келді. Бала бір қарағанда тыныш, ешкімге кедергі келтірмейді. Бірақ сөйлетпек болсақ, тек мультфильмдегі дайын сөздерді қайталайды. Өз ойын құрай алмайды, сұраққа жауап бермейді. Сөйтсек, бала күніне 5-6 сағат бойы планшет қарап отырады екен. Анасы «осылай тыныш отырады» деп үй шаруасымен айналысып кете беретінін айтты.

Бала үшін бұл – қауіпті әдет. Себебі, ол тіл дамуының ең қарқынды кезеңінде виртуалды бейнелермен ғана қарым-қатынас жасап жатыр. Мидың тіл, эмоция және қарым-қатынасқа жауап беретін аймақтары жеткілікті жаттығу алмайды. Мұндайда шынайы өмірдегі дыбыс, ым, бет әлпет, интонация – бәрі ескерусіз қалады. Нәтижесінде бала кеш сөйлей бастайды, шынайы эмоцияны түсінбейді, өз ойын жеткізуде қиындық көреді. Бұл тек сөйлеуге емес, өзіне деген сенімге де әсер етеді. Өкінішке қарай, кейбір балаларда бұл жағдай мектепке барғанда да жалғасып жатады.

Экранды толық тыйып тастау міндет емес, бірақ ата-аналар оны шектеулі түрде, қадағалап қолдануы тиіс. Ең дұрысы – баламен күн сайын қарапайым тілде сөйлесу, бірге ойнау, кітап оқу. Сіз балаңызға қарап, жай ғана «мына алма қызыл екен», «қарашы, құстар ұшып жүр» деп айтсаңыз да, оның миында жаңа байланыстар түзіледі. Ал мұндай тірі тілдің орнына тек экранға телмірген баланың дамуы тежелетіні – ғылыми дәлелденген факт.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ФОРСАЙТ

болашақты алдын ала болжай білу
тұрақты дамуға жол ашады

Климаттың өзгеруі, технологиялық серпілістер мен әлеуметтік трансформациялар бүкіл әлемде шынайы ақиқатқа айналып жатқан дәуірде болашақты алдын ала болжай білу тұрақты дамуға жол ашады. Осы ретте қоғамдағы трендтерді талдап, сценарийлерді модельдеуге негізделген жүйелі әдіс арқылы қалаған болашақты құра аламыз. Ол – Форсайт әдісі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жүйе белгісіздік жағдайында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік бермек. Бұл әдісті еліміздің тұрақты дамуының қозғаушы күшіне айналдыруға болады. Форсайт – болашақта маңызды рөл атқаратын технологиялар мен шешімдерді анықтау үшін мәліметтер талдауын, сарапшылық талқылаулар мен сценарийлік жоспарлауды біріктіретін әдіс. Бұл әдіске ғылым, бизнес, мемлекет және қоғам өкілдерін тартып, ортақ көзқарас қалыптастырған жөн. Яғни форсайт дегеніміз – «болашақты жүйелі түрде ой елегінен өткізіп, оған ықпал ету». Әлемдік үздік тәжірибелерге, жаңа технологияларға және ұлттық ерекшеліктерімізге сүйене отырып, болашақпен жұмыс істеудің әдістемелерін саралап көрелік.

Халықаралық тәжірибе:
тиімді саясат

Дамыған елдерде форсайт әдісін қолдану – ғылым мен технологиядағы басымдықтарды дұрыс айқындауға мүмкіндік береді. Еуроодақ елдері (Германия, Финляндия) мен Жапония ұзақмерзімді технологиялық және әлеуметтік трендтерді болжау үшін форсайтты белсенді қолданады. Бұл әдіске ғалымдар, бизнес, үкімет пен қоғам өкілдері қатысады. Олар форсайт әдіснамасы бойынша Big Data мен жасанды интеллектті пайдаланады, платформалар мен мен құзырет орталықтарын құрады, осы бағдардағы басымдықтарды икемді түрде үнемі жаңартып отырады.

Мәселен, Германияның «Foresight 2030» бағдарламасы жасанды интеллект, биотехнология және жаңартылатын энергия көздерін ұлттық стратегиялардың өзегіне айналдырса, Оңтүстік Корея мен Сингапур үлкен деректер мен патенттік белсенділікті талдау арқылы ғылымдағы перспективалы бағыттарды анықтайды. Айталық, Сингапурдың «Smart Nation» бағдарламасы сандық трансформация мен биомедицинадағы басымдықтарды анықтау үшін ЖИ-ді қолданады. Ал Австралия мен Канада университеттері, бизнес және мемлекеттік институттарды біріктіретін пәнаралық технологиялық платформалар құруда. Австралияның «Cooperative Research Centres» бағдарламасы ауыл шаруашылығы мен энергетика салаларындағы қолданбалы зерттеулерге бағытталған. Американың Ұлттық ғылыми қоры (NSF) болса басымдықтарын үнемі жаңартып отырады. Бұл технологиялық серпілістерге жылдам жауап беруге мүмкіндік береді. Осы тәсілдердің барлығы болашақты жоспарлау, мүдделі тараптарды тарту, жаһандық трендтерге бейімделу және басқару икемділігінің маңызын көрсетеді.

Қазақстан:
нақты бағдарлар

Қазақстанда ғылым дамуының басымдықтарын айқындайтын қазіргі жүйе Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген және жеті бағыт пен 153 мамандандырылған ғылыми саланы қамтиды. Алайда, бұл жүйенің бірқатар шектеулері бар.

Өткен жылы Ұлттық Ғылым академиясы ғылым мен технология саласында алты басым бағыт бойынша форсайт-зерттеу жүргізді. Олар: АӨК-тің тұрақты дамуы және азық-түлік қауіпсіздігі; Геология, пайдалы қазбалар, жаңа материалдар мен технологиялар; Энергетика және машина жасау; Ғылым және денсаулық; Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыш-



тық технологиялар; Су ресурстарын, флора мен фаунаны ұтымды пайдалану, экология.

Әр бағыт бойынша еліміздің жетекші ғалымдары мен сарапшыларынан құралған жұмыс топтары құрылып, жаһандық трендтер мен ұлттық жағдай кешенді талданды. 2018–2023 жылдар аралығындағы статистика, ғылыми жобалар нәтижелері мен трендтер қамтылған ақпараттық-аналитикалық база жасалды. Ұлттық және жаһандық басымдықтар, соның ішінде цифрландыру, экология және тұрақты даму ескерілді. Форсайт аясында 10 өңірлік және 15 салалық сессия өткізілді. ҒЗИ, ЖОО, халықаралық ұйымдар, бизнес пен министрліктерден 1100 респондент қатысқан сауалнама және 400 сарапшымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Нәтижесінде ғылым мен технологияларды дамытудың 200 перспективалық міндеті айқындалды. Бұл міндеттер 2026–2028 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру конкурсына енгізілмек.

Келешек
технологиялары

Дүниежүзілік экономикалық форум мен «Horizon Europe» сияқты ғаламдық форсайттар болашақты өзгертетін нақты 6 технологияны айқындады. Олар:

Кванттық технологиялар: АҚШ пен Қытайда дамып жатқан кванттық компьютерлер мен сенсорлар деректерді өңдеу мен киберқауіпсіздік саласында төңкеріс жасамақ. Қазақстан үшін посткванттық криптография – цифрлық егемендікті қамтамасыз ету құралы.

Жасанды интеллект: ЖИ ауыл шаруашылығынан бастап денсаулық сақтау мен

пайдалы қазбалар салаларына дейін трансформация жасайды. Қазақстан 2024 жылғы форсайт аясында ЖИ-ды мемлекеттік басымдық ретінде анықтап, қазақ тіліне арналған тілдік модельдер, медициналық диагностика және су тұтынуды мониторингілеу сияқты нақты бағыттарды атап көрсетті.

Биотехнология және синтетикалық биология: Гендік инженерия және биопрепараттар азық-түлік қауіпсіздігі мен медициналық мәселелерді шешеді. Қазақстан құрғақшылыққа төзімді дақылдар мен тұқымдарды әзірлеуге кірісіп отыр.

3D-баспа: Бұл технология машина жасау мен құрылыста шығындарды азайтады. Қазақстан 2024 жылы жеңіл материалдарды өндіру үшін аддитивті технологияларды ұсынды.

Нейротехнологиялар мен ми-компьютер интерфейстері: Neuralink жобасы секілді бастамалар нейрологиялық ауруларды емдеуге мүмкіндік береді. Қазақстанда бұл саланы ЖИ көмегімен дамыту – перспективті бағдар.

Көміртекті бейтараптық технологиялар: Қазақстан Норвегияда дамып жатқан көміртекті ұстау жүйелерін өзінің ЖЭО-ларына жаңғыртуда қолдана алады.

Жасанды интеллект –
басым бағыт

Қазақстандағы «Форсайт 2024» жасанды интеллектіні бірқатар салаларда басым технология ретінде анықтады. Мәселен, ауыл шаруашылығында австралиялық үлгідегі егіншіліктегі ЖИ платформалары өнімділікті 20–30%-ға арттырады. Геология мен кен өндіруде геодеректерді ЖИ арқылы талдау барлау шығындарын 15%-ға азайтады. Энергетикада ЖИ энергия жүйелерін оңтайландырады, шығынды 10%-ға төмендетеді. Медицинада ЖИ көмегімен диагностика жүргізу ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді. Ал киберқауіпсіздік саласында қазақ тіліне арналған ЖИ-модель мен посткванттық алгоритмдер елдің цифрлық егемендігін нығайтуға ықпал етсе,

Экологиялық бағдарда су тұтынуды ЖИ көмегімен басқару 20%-ға дейінгі үнем береді.

ТҮЙІН:

Елімізде жасанды интеллектті дамыту үшін мамандар мен инфрақұрылым қажет. Форсайтты, жаңа технологияларды дамыту мен енгізуді қолдау Қазақстанға өңірлік көшбасшы болуға жол ашады. Сондықтан бірлескен PhD бағдарламалар мен ЖИ құзыреттілік орталықтарын құрудың маңызы зор. Футуролог Ричард Лэм айтқандай, «форсайт – бұл әрбір жүрекке жатқан қалаулы болашақтың бейнесі». Қазақстан бұл болашақты бүгіннен бастап құра алады.

Елена ШЕВЧЕНКО,
PhD докторы,
ҚР ҰҒА Жер, ғарыш және
коммуникация ғылымдары
орталығының директоры.

Арайлым ӨМІРБЕКОВА,
журналист, педагогика
ғылымының магистрі.

ҚАУІПСІЗДІК

АЛМАТЫНЫҢ
СУ ҚОЙМАЛАРЫ:
сақтық шаралары
күшейтілді

Алматыда шомылу маусымы жақындаған сайын су айдындарындағы қауіпсіздік күшейтіліп жатыр. Осыған орай қала аумағында «Мамыр қаупі» атты кешенді алдын алу іс-шаралары қолға алынды. Бұл туралы Алматы қалалық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қала мен тау бөктеріндегі 44 су айдынының 9-ы суға түсуге қауіпті деп танылған. Олар:

1. «Шаңырақ» ықшамауданындағы Үлкен Алматы өзені – Алатау ауданы;
2. «Дархан» ықшамауданындағы Үлкен Алматы өзені – Алатау ауданы;
3. Әл-Фараби мен Навои жақтағы Үлкен Алматы өзені – Бостандық ауданы;
4. «Кемел» ықшамауданындағы Первомайские пруды аумағы – Жетісу ауданы;
5. Кіші Алматы өзені (Бутаковқаға бұрыла бергенде) – Медеу ауданы;
6. Юннатское өзені – Медеу ауданы;
7. «Қарасу» ықшамауданындағы тоған – Алатау ауданы;
8. Аэропортовское өзені – Түркісіб ауданы;
9. Қарасу жақтағы өзен (Шестуха) – Түркісіб ауданы.

Алматы қаласы ТЖД өкілі Сайран көлінде жағалауды абаттандыру жұмыстары жалғасып жатқанын, Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы айналма арнасында (ҰАӨ) гидротехникалық құрылымдарға күрделі жөндеу жасалып жатқанын атап өтті. Қалалық ТЖД су қоймаларында қауіпсіздікті арттыру мақсатында жаңа технологияларды да іске қосты. Қауіпті деп танылған аймақтарға интеллектуалды бақылау камералары орнатылған.

Өткен жылы суға шомылу ережелерін өрескел бұзған 40 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондықтан биыл бақылау күшейіп, рейдтер ұйымдастырылып жатыр. Суға шомылу маусымының алдында тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында қаладағы білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде, халық көп шоғырланған жерлерде және LED-экрандарда ескерту бейнероликтері көрсетіліп жатыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуаныш
ОСПАНОВ,
Алматы қаласы
ТЖД Азаматтық
қорғаныс
басқармасының
бастығы:



Судағы тәртіп
мәдениетін
арттыру – басты назарда

Төрт жерде – Сайран көлінің батыс және шығыс жағында, «Гүлдер» демалыс орны мен «Баум» бағының аумағындағы жағажайда ғана суға түсуге рұқсат. Бұл су қоймаларының бәрі мамандардың тексерісінен өткен, құтқару бекеттері, қауіпсіздік белгілері орнатылған. Алайда, әзірге бұл аумақтарда су деңгейі төмен, маусымға дайындық жалғасып жатыр.

ДӘСТҮР

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

ұлттық байқауы



(Басы 1-бетте)

Халықаралық отбасы күніне орай, еліміздің барлық өңірінде

«Отбасы ағашы» атты республикалық акция өтті. Акция аясында «Мерейлі отбасы–2025» Ұлттық байқауы ресми түрде басталды.

(Сурет: kaz.zakon.kz.)

Қазақстанның барлық өңірлерінде, қала мен ауылдық елдімекендерде терек отырғызуға арналған жаппай шаралар ұйымдастырылды. Дәстүрлі түрде бұл акция бұрын саябақтардағы «Отбасы – бақыт мекені» атауымен аталған аллеяларда өтеді. Жыл сайын осы аллеяларға жаңа ағаштар отырғызылады. Бұл – тату әрі берік қазақстандық отбасылардың символы іспеттес.

Акцияның басты мақсаты – отбасылық дәстүрлердің маңызын көрсету, сондай-ақ отбасы институтын нығайту, табиғатты қорғау және қоғамдық бастамаларды дамыту арқылы болашақ ұрпаққа қамқорлық көрсету. Іс-шараға танымал қоғам қайраткерлері, қоғам белсенділері, сондай-ақ өткен жылдардағы «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары қатысты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі:

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен бекітілген бұл күн – әрбір адам үшін маңызды мәселелерге назар аударуға, яғни қамқорлық, қолдау, махаббат және балаларымыздың жарқын болашағы секілді ізгі құндылықтарды ұлықтауға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда 6,2 миллионнан астам отбасы өмір сүруде. Мемлекет үшін отбасын қолдау – жәй ғана басымдық емес, бұл – тұрақты дамудың берік негізі. Елімізде ана мен баланы қорғауға ерекше мән беріліп, қауіпсіз әрі лайықты өмір сүруге барлық жағдай жасалуда.

Бұл ретте жаңа ғана шаңырақ көтеріп жатқан жас отбасыларға ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсету маңызды. Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған заңнама жетілдіріліп келеді. Қолдау тек сөз жүзінде ғана емес, әлеуметтік

жәрдемақылар мен бала күтіміне арналған төлемдер арқылы нақты көрініс тауып жатыр.

Бүгінде елімізде 112 Отбасы қолдау орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтар азаматтарға өмірлік маңызды мәселелерді шешуге көмектесіп, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіп отыр. Отбасы – қоғамның тек бір бөлшегі ғана емес. Бұл – бізді жақсы көретін, түсінетін, қабылдайтын аяулы мекен. Дәл осы жерде тұлғалық қасиетіміз қалыптасып, құндылықтар мен армандарымыздың іргетасы қаланады. Отбасы берік болса – мемлекет те қуатты болады. Балаларын сүйіспеншілікпен тәрбиелеп отырған, отбасылық дәстүрді ұқыппен сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан әрбір жанға шынайы алғысымды білдіремін. Қазақстанның әр өңірінде өзгелерге үлгі болатын, тағылымды тарихы бар отбасылар бар екеніне сенімдімін. Өнегелі өмірлер, берекелі отбасылар баршамызға үлгі!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«МУЗЕЙ ТҮНІ – 2025»

МЕГАПОЛИС МУЗЕЙЛЕРІ

өнер жауһарларын ұсынады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке мегаполисте орналасқан музейлердің өкілдері жиналып, алдағы «Музей түні – 2025» акциясының қалай өтетінін, биылғы ерекшелік қандай екендігін айтып берді.



Нұржамал ӘЛІШ

Алдымыздағы жексенбіде, яғни 18 мамырда таңғы сағат 10.00-ден бастап түннің бір уағына дейін Алматының жеті музейінің, дәлірек айтсақ: Алматы музейі; Ықылас атындағы халық аспаптары музейі; Д.А.Қонаев музейі; С.Мұқановтың музей-үйі; Ғ.Мүсіреповтің музей-үйі; Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі; Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының есігі айқара ашық болады.

Музейлерде танымдық интерактивті квесттер мен викториналар; музей экспонаттарына театрландырылған экскурсия; Алматы музейінде – «Жаңа ғасыр» театрының қойылымы, «Алматы – махаббатым менің», С.Мұқановтың музейінде

«Мөлдір махаббат» спектаклі, Ғ.Мүсіреповтің музейінде «Қыз Жібек ариясы», Д.А.Қонаев музейінде «Адалдық – асыл қасиет» қойылымы өтеді.

Ашық аспан астындағы фотокөрме мен кино көрсетілімі де ықыласқа бөленері сөзсіз. Еркеш Хасен, Ернар Амандық, «Алатау серілері» тобы әннен шашу шашады.

Ал сенбінің кешінде ҚР Орталық мемлекеттік музейі «Музей – рухани ошақ» және «Ерлік пен мемлекетшіл мінез – егіз ұғым» тақырыптары бойынша бірқатар іс-шара ұсынады. Онда Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына, сондай-ақ музыкатанушылар Ахмет Жұбанов пен Ғазиза Жұбанованың мұрасына арналған көрмелер мен танымдық дүниелер өтеді.

Ертеңіне, яғни жексенбіде Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Музей түні – 2025» мәдени-білім беру акциясы өтеді. «Өзгермелі әлемдегі дәстүр мен заманауилық» деп аталатын бағдарлама екі бөлімнен тұрады. Балаларға арналған «Музей күні»: бұл уақыт аралығында кішкентай қонақтар мен отбасылар үшін шеберлік сағаттары, «Арт-шеберханамен» пленэр, квест-ойындар ұйымдастырылады.

«Музей түні» Алматыда осымен 20-шы рет ұйымдастырылғалы отыр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат САҒЫНДЫҚОВА,
Алматы музейлер бірлестігінің директоры:

ТОСЫН СЫЙ КҮТІҢІЗДЕР

Біздің акция Венгрияның Бас консулдығымен бірлесіп қолға алған «Матью халық өнері – венгр мәдениетінің мұрасы» атты халықаралық көрменің ашылу салтанатымен басталады. Бұл көрме Қазақстанда алғаш рет өткелі отыр. Матью кестелеу өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енген. Алматы музейі соны алғаш рет халықтың назарына ұсынады. Акцияның ерекше жобаларының бірі – алты бірдей музейді қамтыған квест-ойын болып отыр. Оған белгілі блогерлер Аңсаған Садырханов пен Ғалымжан Жанқұлов қатысады. Бұл күні квесттер, музейлік пазлдар, аквагрим секілді кішкентай қонақтарға арналған аумақтар да жұмыс істейді. Жалпы, тосын сыйымыз көп болмақ.

Әйгерім КӨПЖҮРСІН,
Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің өкілі:

СЫРЛЫ СҰХБАТ ҚҰРАМЫЗ

Бұл күні музей қорындағы жәдігерлерден тұратын «Мәңгілік мұра – уақытпен үндескен өнер» көрмесі ашылады және «Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері» каталогының тұсаукесері өтеді. Сондай-ақ, елімізге белгілі өнертанушылармен, суретшілермен «Сырлы сұхбат» атты еркін форматтағы әңгіме-сұхбат экскурсиясы ұйымдастырылады. Классикалық музыка, хореография, перформанс, сахналық көрсетілім де көптің ықыласына бөленеді деген ойдамыз.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі еліміздегі тарихы терең және ірі мұражайлардың бірі. Екі ғасырға жуық тарихы бар Орталық музей «Ұлттық» мәртебе иеленген болатын. Жақында Халықаралық музей күніне орай, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Музей түні» акциясы ұйымдастырылады. Айтулы мереке қарсаңында мәдени ошақ басшысы Сержан САРОВТЫ сөзге тартып, сұхбат алу-ды жөн көрдік.

Сержан САРОВ:

ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕ –

музей қызметкерлерінің жемісті еңбегінің нәтижесі



ТАРИХИ ДЕРЕКТАНУ

– Сержан Бараханұлы, алдымен осынау ірі мәдени ошақтың тарихына тоқталып өтсеңіз?

– Орталық музейдің қор коллекцияларының жинақталу тарихы XIX ғасырдың 30-жылдары «Орынбор өлкесінің музейінен» бастау алады. 1921 жылғы ҚАКСР басшылығының қаулысымен Орталық Қазақ өлкетану музейі құрылып, оған Орынбор өлкесі музейіндегі коллекциялардың бір бөлігі берілген. Музей 1929 жылы Қазақ Автономиялық республикасының жаңа астанасы – Алматыға көшіп келіп, Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасты. 1944 жылы Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік музейі деп аталды. Музейдің қазіргі орналасқан ғимараты 1985 жылы архитектор Ю.Ратушный, З.Мустафин және Б.Рзағалиевтың арнайы жобасы бойынша салынып, бүгінгі күні Алматы қаласындағы көрікті архитектуралық ғимараттардың бірі саналады.

Музейде танымал тарихи тұлғалар (тарихшы, этнограф, музейтанушы, жазушы, лингвист тіл мамандары, қоғамдық және саяси тұлғалар және т.б.) – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлкей Марғұлан, Әбілхан Қастеев, Әбусағит Жиенчин, Александр Бернштам, Юрий Домбровский, Владимир Даль, Николай Гаврилович Хлудов және т.б. жұмыс істеген.

– Музейдің негізгі жетістіктерін атай кетсеңіз?

– Бүгінде музей қорында ежелгі дәуірлерден бастап еліміздің тәуелсіздігіне дейінгі тарихынан сыр шертетін 300 мыңға жуық материалдық және рухани мәдениет құндылықтары жинақталып, алты экспозициялық зал мен көрме галереясы арқылы көрермендерге насихатталуда.

2006 жылдан бастап музей ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесін иеленген. Ғылыми және қор сақтау бөлімінің қызметкерлері музей қорындағы материалдарды зерттеу және дәріптеуге бағыттал-



ған істерді атқарады. Бүгінде археология, антропология және этнология, тарих, музейлік деректану және қолжазбаларды зерттеу бөлімдері жұмыс істейді. Олар музей қорының материалдары мен өзге де отандық және шетелдік музейлердің, мұрағаттардың дереккөздері негізінде түрлі ғылыми жобаларды жүзеге асыруда. Музей қызметкерлері археологиялық, этнографиялық, археографиялық және басқа да зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми экспедициялар мен іссапарлар ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарымен қатар, музей қорын толықтыруға күш салып келеді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛЕДІ

Орталық музей халықаралық байланыстарға үлкен мән беріп, әлемдік мәдени және ғылыми мекемелермен тығыз байланыс орнатқан. Халықаралық көрмелер ұйымдастырып, ғылыми конференциялар, семинарлар мен симпозиумдарға қатысады. Музейлермен, мұрағаттармен, кітапханалармен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен ынтымақтастықты жүзеге асырып, көптеген ғылыми және мәдени-білім беру іс-шараларын өткізеді. Халықаралық ғылыми және мәдени байланыстарды жүзеге асыру арқылы еліміздің музей ісі саласын дамытуға, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге, жалпы мәдениетаралық қарым-қатынас нығайтуға қомақты үлесін қосып келеді.

– Жуырда «ұлттық» мәртебесін алдыңыздар. Ол үшін қандай талаптар қойылады? Бұл статус музейге не береді?

– «Ұлттық» мәртебесі мәдениет саласында қызмет ететін, ерекше мемлекеттік және қоғамдық мәні бар мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарына беріледі. Біздің музей де мемлекеттік мәдени ұйым болғандықтан, осы мәртебені алуға толық құқылы болды. Әрине, ол үшін бірқатар талаптарға сәйкес болуы керек. Мәселен, кемінде жиырма бес жыл тұрақты жұмыс істеген, кәсіпқойлықты, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін заманауи инновациялар енгізіп отырған, жеке ғимараты бар, халықаралық жобаларға қатысатын болуы тиіс.

Сонымен қатар, музей қоры құрамының кемінде он пайызы ұлттық мәдени игілік болып табылатын мәдени құндылықтар болуы тиіс. Біздің музей Қазақстандағы ең алғашқы және ірі музей ретінде бұл талаптардың барлығына сай жұмыс атқарып келген. Сондықтан да 2024 жылы «Ұлттық» мәртебе алу бойынша тапшылығымыз нәтижелі болып, арнайы комиссия мен парламенттің сараптамасынан оң бағасын алды. Нәтижесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылдың қаңтар айында «Ұлттық» мәртебесін беру туралы Жарлыққа қол қойды.

«Ұлттық» мәртебесі музей қызметкерлерінің сан жылдарғы жемісті еңбегінің нәтижесі деуге толық негіз бар. Алдағы уақытта да осы қарқынмен жұмыс істеп қана қоймай, жоғары мәртебеге сай жоғары мақсаттар қоямыз. Бұл тұрғыда музей қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруға күш сала отырып, өзге де кәсіби білікті мамандарды тартуға мүмкіндіктер туады. Өйткені, қызметкерлердің жалақысы тиісінше артатын болады. Музейдің заман талабына сай болуы үшін жөндеу жұмыстарын жүргізіп, заманауи жарақталуы, экспозицияларының жаңа талаптар бойынша қайта жасақталуы бағытында жұмыстар жоспарланып отыр.

«МУЗЕЙ ТҮНІ»

– Халықаралық «Музей түні» акциясы жақындап қалды. Көпшілік қандай қызықты іс-шараларға куә болмақ?

– 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай ұйымдастырылатын «Музей түні» дәстүрлі акциясы биыл Қазақстанда 20-шы рет өткізілгелі тұр.

Қазақстан осы халықаралық акцияға алғаш рет 2006 жылы қосылды, алғашқы акция ҚР Мемлекеттік орталық музейінің бастамасымен өткізілген болатын. 2025 жылғы ҚР Мемлекеттік орталық музейіндегі акцияның тақырыбы «Музей – тарихты сақтаушы: қазіргі қоғамдағы музейдің рөлі». Тақырып музейдің әлеуметтік, тех-

нологиялық және экологиялық өзгерістерді бастан кешіріп отырған қоғамдағы орнын анықтауға бағытталған. Биылғы «Музей түні – 2025» іс-шарасы негізгі екі бағытты қамтиды. Олар – «Музей – руханият шаңырағы» және «Ерлік пен елдік – егіз». Осы тақырыптар аясындағы көрмелер мен іс-шаралар Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына, ЮНЕСКО көлемінде аталатын Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына, көрнекті музыкатанушы ғалымдар Ахмет және Ғазиза Жұбановтардың мұрасына арналады. Сонымен бірге II Дүниежүзілік соғыс кезінде қан майданда ел қорғаған Мәншүк Мәметова, Боран Нысанбаев сынды тұлғалардың мемориалдық музейлерінің қатысуымен «Музейлік шеру» өтеді.

«Музей – руханият шаңырағы» бағыты бойынша бірнеше көрме ұйымдастырылады. Жетісу облысы Алтын Емелдегі Шоқан Уәлихановтың мемориалдық музейінің көрмесі этнограф-ғалымның 190 жылдығына орай ұйымдастырылады. Сонымен бірге, суретші М.Кенбаевтың және мүсінші Х.Наурызбаевтың 100 жылдығына, суретшілер В.И.Антощенко-Оленевтың 125, Н.Цывчинскийдің 120, Е.Сидоркиннің 95, Е.Сергебаевтың 85 жылдықтарына арналған «Шабыт жаңғырығы» атты мерейтойлық көрме де көрермен назарына ұсынылады. Акция аясында Атыраулық суретші Юлия Проскураның «Көшпенділер әлемі» (Душа кочевника) атты дербес көрмесі әрі авторлық экскурсиясы өтеді.

ЖАУҢАР ЖӘДІГЕРЛЕР

Тағы бір қызықты көрме – музейіміздің қорындағы жәдігерлерден дайындалған «Хат жазып тұр...» көрмесі. Бұл көрменің негізгі мақсаты – дәстүрлі хат-хабар алмасудың әдістерін, түрлерін, механизмдерін қазіргі таңдағы байланыстың басқа да құралдарымен сабақтастыра көрсету. Көрмеде ҚР МОМ қорындағы араб, латын және кирилл әліпбилерінде жазылған хат нұсқалары көрсетіледі.

Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов сынды қазақтың зиялы тұлғаларының тарихи хат-құжаттарының түпнұсқаларымен қатар, көшірме нұсқалары қойылмақ. Қарапайым еңбек адамдарының Е.Өмірзақовқа, И.Есенберлинге, М.Ғабдуллинге жазған хаттары, басқа да тарихи деректер көрсетіледі. Әр кезеңдердегі әртүрлі мазмұнда жазылған хаттарды, Ашық хаттарды, конверттерді және алуан түрлі пошта маркаларын да осы көрмеден тамашалауға болады. Экспозицияда көрменің тақырыбын айқындайтын байланыс құралдары – Морзе аппараты, жазу машинкасы сияқты, т.б. қосымша экспонаттар қойылады. Ал сол кештің ең есте қаларлық көрмесі – музей қорындағы өте құнды, бірегей экспонаттардан құралған «Жауһар жәдігер» көрмесі болмақ. Бұл көрмеге қойылатын музейлік заттар музей қорында сақталады, әрі тұрақты экспозициядан оларды көре алмайсыз. Бұдан бұрын көпшілік көрмеген, «Музей түнінде» ғана жарқырайтын жәдігерлерден құралған бұл көрме ешкімді де бей-жай қалдырмасы анық.

Ендігі бір бірегей іс-шара – «Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы» РМҚК қорындағы аспаптармен классикалық музыка концерті. Атақты аспап жасаушылар Гварнери, Страдивари секілді шеберлердің туындыларын көріп қана қоймай, шанағынан шыққан сиқырлы сазға елітесіз.

Бұл кеште Орталық мемлекеттік музейдің ғылыми кітапханасы әзірлеген «Білім беру жүйесін дамыту» кітап көрмесі мен «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының кітап көрме-жәрмеңкесі өтеді. Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы «Иранның дәстүрлі мәдениеті мен өнері» көрмесін ұсынады. Сонымен бірге, қолөнер шеберлерінің, музейді қалпына келтірушілердің шеберлік сағаттары және ғылыми интерактив, музейлік квесттер, балалар мен жасөспірімдерге арналған әртүрлі ойындар мен викториналар кеш көрігін қыздыра түседі. Бұл кеште арнайы қонақтарымыз – отандық өнер жұлдыздарының өнерін тамашалай аласыздар.

Сұхбаттасқан
Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС

Ана мен бала саулығы:

ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҮНДЕСТІГІ

Елімізде ана мен бала өлімі жыл сайын 10–12%–ға азайып келеді. Бұл – акушерлік және гинекология саласына жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізудің нақты нәтижесі. Соның ішінде жатырылушылық ырықты ерте диагностикалау мен емдеуге мүмкіндік беретін феталды хирургия табысты қолданылуда. Заманауи тәсілдер туа біткен ақаулар мен ана мен бала өміріне қауіп төндіретін жағдайларды жүктілік кезінде анықтап, дер кезінде түзетуге бағытталған.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



лым мен әйелдер денсаулығын қорғау ісіне сіңірген еңбегінің лайықты бағасы деуге әбден болады.

Алға қойған жаңа міндеттер қатарында – цифрлық денсаулық сақтауды дамыту, халықаралық әріптестікті кеңейту, профилактикалық медицинаның рөлін күшейту және әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау бағытындағы тың бағдарламалар бар. Конгресс тек мерекелік жиын ретінде өткен жоқ, оның бағдарламасында неонатология, генетика, УДЗ, репродуктивті денсаулық бойынша ғылыми сессиялар, шеберлік сабақтар, кәсіби пікірталастар мен халықаралық ынтымақтастық жобаларының таныстырылымы өтуде. Сонымен қатар, медициналық құрал-жабдықтар мен фармөнімдердің арнайы көрмесі ұсынылған. Мұндай сәттер орталықтың келешекте жүзеге асыратын бастамаларына берік негіз болары сөзсіз.

Айта кетейік, ана мен бала саулығы жолындағы жарты ғасырлық еңбектің, ғылым мен тәжірибе үндестігінің символына айналған мерейтойлық іс-шара үш күнге жалғасты.

Алматыдағы акушерлік, гинекология және перина-тология ғылыми орталығының 50 жылдығына арналған халықаралық конгресте осы бағдардағы жетістіктер кеңінен талқыланды. Жиында жетекші отандық және шетелдік мамандар әйелдер денсаулығы, репродуктивті медицина мен перинатология салаларындағы заманауи жаңалықтар мен күрделі мәселелер төңірегінде ой бөлісті. Жылы лебіздерге, алғыс пен үмітке толы салтанатты жиын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мен БҰҰ-ның халық саны жөніндегі қоры (ЮНФПА) қолдауымен ұйымдастырылған.

Іс-шараға ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Сенат депутаты Айнұр Арғынбекова, медицина ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нина Каюпова, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен отандық медицина мекемелерінің өкілдері қатысты.

Жарты ғасыр бұрын негізі қаланған орталықтың басты мақсаты – әрбір әйелге қауіпсіз босану мен сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету еді. Осы жылдар ішінде еліміздегі ана мен бала денсаулығын қорғау ісінің көшбасшысына айналған орталықты мерейтойымен әлемнің түкпір-түкпірінен әріптестері мен серіктестері құттықтауда. АҚШ, Ресей, Чехия, Литва, Словения, Өзбекстан және басқа да елдерден келген жетекші мамандар бас қосқан алқалы жиынға 300-ден астам маман тікелей келіп қатысса, әлемнің 12 елінен 1200-ден астам адам онлайн қосылды.

– Бұл орталық – болашақ ұрпақтың денсаулығы қалыптасатын қасиетті орын. Оның тарихы – ана болуға қадам басқан әрбір әйелдің қауіпсіз сапарын білдіреді, – деді академик, ҚР ҰҒА мүшесі Вячеслав Локшин.

Мерекелік іс-шара барысында академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған естелік медаль профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нина Амировна Каюповаға табысталды. Бұл марапатты ғы-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нина КАЮПОВА,
профессор:

ӨМІР СЫЙЛАЙТЫН МАМАНДЫҚ

Біздің орталықтан 47 доктор дайындалды. Бұл – Қазақстан ғылымына қосылған үлкен үлес. Ең бастысы – бұл өмір сыйлайтын мамандық. Ақ халатты жандар әрбір ана мен әкенің қуанышына себепші бола алады.



Вячеслав ЛОКШИН,
академик, Қазақстан репродуктивті медицина қауымдастығының президенті:

РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ – АНА МЕН БАЛА САУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Бұл орталық – еліміздегі акушерлік-гинекологиялық қызметтің көшбасшысы. Репродуктивті денсаулық – ана мен бала саулығының негізі. Қазір елімізде ана өлімі 7–8 есеге азайып, Шығыс Еуропа деңгейіне жетті. Феталдық хирургия, ЭКО технологиялар қолжетімді. Жыл сайын 6 мыңнан астам сәби ЭКО арқылы дүниеге келеді. «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында 30 мың процедура орындалып, 11 мың бала туылды. Алайда, ауыл тұрғындары ЭКО жайында толық ақпараттан бейхабар. Мемлекет есебінен 18 клиникада ЭКО тегін жасалады. Сонымен қатар, ерлердің репродуктивті денсаулығы да назарда болуы керек. Артық салмақ, дұрыс тамақтанбау беделдікке әсер етеді. Жастарға жыныстық сауаттылықты мектептен бастап үйрету маңызды.



Зәуреш АМАНЖОЛОВА,
медицина ғылымының докторы,
мемлекет және қоғам қайраткері:

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨП

Бұрынғы Кеңес кезеңінде мың грамнан жоғары салмақтағы нәресте ғана бала ретінде тіркелетін. Ал 2008 жылдан бері біз 500 грамнан асқан шақалақты тірі туылған бала ретінде есепке алып келеміз. Әрине, бұл көрсеткішті жақсарту оңай болған жоқ. Ол үшін жаңа технологиялар, заманауи медициналық жабдықтар және терең білім қажет болды.



Гүлфайруз УРАЗБАЕВА,
«Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» АҚ басқарма төрағасы:

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР БАР

Қазіргі таңда ағзаны сақтап қалуға мүмкіндік беретін операцияларды сәтті қолданып келеміз. Бұрын босанудан кейінгі қатты қан кету жағдайында жатырды толық алып тастау жалғыз жол болатын. Қазір біз мұндай жағдайда баллонды тампонада әдісін кеңінен енгізіп отырмыз. Сонымен қатар, жатырдың магистральды тамырларын байлау арқылы да қан кетуді тоқтату мүмкіндігі бар.

Алматы қаласы Жұмыспен ақамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Ерте араласу әлеуметтік қызметтер орталығында арт-терапия сабағы өтті. Оған осы орталықтан тегін қызмет алып жүрген балалар ата-анасымен қатысты.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл орталыққа түрлі этнос өкілдері келеді. Бәрі тату, бір-біріне тілекші. Себебі, бәрі де күнде жетектеп жүрген, денсаулығында кінәраты бар баласының толыққанды өмірге араласып кетуіне жанын салып жүр. Олар күнде орталыққа келгенде бір-бірімен шұңқырай амандасып, хал-жағдай сұрасып қауқылдасып жатады. Бүгінгі арт-терапия да балаларды, ата-аналарды және орталық қызметкерлерін бір-біріне тағы да жақындастыра түскендей.

Балдырғандар мамандар көмегімен бейнотерапия мен ойын терапиясына қатысты. Алақанмен сурет салды. Әр балаға жеке-жеке көңіл бөлінді. Орталық қызметкерлері кішкентай достарын сабақ кезінде мақтап, мадақтап, көтермелеп отырды да ұмытқан жоқ.

АРТ-ТЕРАПИЯ

балдырғандардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрзия АҒАБЕКҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Ерте араласу әлеуметтік қызметтер орталығының директоры:

Маңызы зор сабақ

Арт-терапия кезінде өз жұмысына риза болған кішкентай балдырғандармен бірге өзіміз де қуандық. Балалар өзін еркін сезінді. Арт-терапиялық сабақтың мақсаты да сол – ол жұмыс үстінде өзін жайлы сезініп, мазасыздығы басылып, ой-әрекеті бір арнаға шоғырланып, өзі сөзбен жеткізе алмайтын немесе дауыстап айта алмайтын нәрсесін бояу, сурет арқылы білдіріп, нәтижесінде өз іс-қимылынан қуат алады. Балаларға ынтымақтаса істеген топтық жұмыс та ұнады деп ойлаймын. Арт-терапия олардың ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлау қабілетін, сөйлеуін дамытады. Біздің кішкентай достарымызға және ата-аналарына бір сәттік қуаныш сыйлай алғанымыздың өзі үлкен жетістік.



ЕҢБЕК АДАМЫ

АЛҒЫСТАН АЛҚА ТАҚҚАН

акушер талай шаңыраққа қуаныш сыйлады

Рахиям УШУРБАКИЕВА – Алматы қалалық №2 перинаталдық орталығының жүктілік патологиясы бөлімінің аға акушері. 37 жылдан бері осы салада жүрген абыройлы жан.

Рахиям Сыдықжанқызы дәрігерлер отбасында дүниеге келген және бала кезінен осы миссияны жалғастыруды армандаған. Ол Талғар медициналық училищесін «Акушерлік іс» мамандығы бойынша үздік бітіріп, оқу кезінде-ақ көшбасшылық қасиеттің танытып, топ старостасы болды, түрлі байқау мен олимпиадаларға белсенді қатысты.

Ол еңбек жолын Талғар қаласының орталық аудандық ауруханасының қабылдау бөлімінде санитар болып бастаған. Оқуды аяқтаған соң сол аурухананың босану бөліміндегі жаңа туған нәрестелер палатасында еңбек етті. Ал 1988 жылдан бері Алматы қалалық №2 перинаталдық орталығында акушер болып қызмет етеді.

Осы жылдар ішінде Рахиям Сыдықжанқызы бөлімдер ішіндегі барлық сатыдан, яғни қабылдау, босану, босанудан кейінгі және гинекологиялық бөлімдерде еңбек етті. Бүгінгі күні ол жүктілік патологиясы бөлімінің аға акушері. Мұнда ол ерекше назар мен кәсібилікті қажет ететін жоғары қауіп тобына жататын пациенттерге көмек көрсетеді. Оның тәжірибесі, сезімталдығы мен сабырлылығы тіпті ең қиын жағдайларда да сенім ұялатады.



Жоғары кәсібилігі мен ісіне адалдығы үшін В.М.Бехтерев атындағы «Денсаулық сақтау жүйесіндегі көпжылдық еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Тұрмыста, төрт баланың анасы, бес немеренің әжесі Рахиям Сыдықжанқызы отбасына қамқорлық пен науқастарға мінсіз қызмет көрсетуді шебер ұштастыра біледі. Әріптестері оның асқан мейірімділігін, әр адаммен тіл табыса білетін дипломат қасиетін ерекше айтады.

Иә, 37 жылдан бері тек алғыстан алқа тағып жүрген ақ халатты абзал жанның әлі талай сәбиге өмір, талай шаңыраққа шаттық сыйлайтыны анық.



БӘРЕКЕЛДІ!

АҚ ХАЛАТТЫ АЙНАГҮЛ

Үндістаннан екі алтын медаль алып келді

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының білікті медбикесі Айнагүл БЕРІК Үндістанның Дели қаласында өткен XXIII Азия чемпионаты мен XXII Параазиялық чемпионатында қол күресінен жеңіске жетіп, ел намысын абыроймен қорғап келді.

Ақ халатты Айнагүл Visual Women санатында, 60 кг салмақ дәрежесінде, оң және сол қол бойынша екі бірдей алтын медальді жеңіп алды. Бұл – оның қажырлы еңбегінің, табандылығы мен ерік-жігерінің, спортқа және өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігінің жемісі.

Жарыс алаңында Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалған сәтте кеудемді ерекше мақтаныш кернеді дейді жеңімпаз медбике.

АҚПАРАТТАНДЫРУ

ЖАСТАРҒА ДӘРІС

Алматы қалалық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығының мамандары Алматы технологиялық колледжінің студенттеріне АИТВ-тың жұғу жолдары мен одан қорғану тәсілдері туралы дәріс оқыды. Іс-шара Репродуктивті денсаулық апталығы аясында ұйымдастырылды.

АИТВ-ның алдын алу – ең алдымен ақпараттанудан басталады. Білім жастарға өз денсаулығына және қауіпсіздігіне саналы түрде қарауға көмектеседі.

АИТВ мен ЖЖБИ-дің (жыныстық жолмен берілетін инфекциялар) алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі – әрбір жыныстық қатынас кезінде

мүшеқап қолдану. Сондай-ақ, АИТВ пен басқа да ЖЖБИ-ларға үнемі тест тапсырып отыру маңызды.

– АИТВ-тың алдын алу іс-шараларында стигма мен кемсітушілікке қарсы күреске ерекше назар аударылады. АИТВ-пен өмір сүретін адамдарға ашық және құрметпен қарау – олардың өз мәртебесін білуден қорықпай, көмек сұрап, қажет болған жағдайда уақытылы емделуіне мүмкіндік береді, – дейді Алматы қаласы ЖИТС орталығының әлеуметтік қызметкері Аңсагүл Дербісәлиева.

Іс-шара барысында студенттер экс-пресс-тестілеуден өтіп, нәтижесі небәрі 20 минут ішінде дайын болды. Тестілеуден өткен барлық жасқа психолог-әлеуметтік кеңес берілді.



БРИФИНГ

ЖАҢА БАҒЫТТАР

Алматыда ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторантурасы мен магистратурасына құжат қабылдау басталды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте академияның алматылық бөлімшесінің директоры Айнұр Ыдырысованың айтуынша, биылғы талапкерді жаңа критерий, жаңа бағыттар күтіп тұр. Ол ақпараттық қауіпсіздік пен мемлекеттік секторды цифрландыруға атсалысатын сарапшыларды даярлайтын МДРА-ның «Цифрлық мемлекеттік басқару» магистрлік бағдарламасының ашылуы үлкен жаңалық болғанын атап өтті.

Тағы бір жаңалық, бұдан былай мемлекеттік қызметкерлер де, мемлекеттік органдардың мекемесіне қарасты ұйымдарының қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері де ақылы бөлімде оқи алатын болды. Сонымен бірге, іріктеуді жетілдіре түсу үшін білім беру бағдарламаларының әрқайсысына түсетіндерге қойылатын талап та нақтыланып отыр. Академияда оқудың тағы бір артықшылығы: бұл жерде оқуды тәжірибемен ұштастырып, кәсіби тұрғыда шыңдалып, қызметі өседі. Қызметтегі адаммен бірдей стипендия алады, шетелге тәжірибе алмасуға барып қайтуы мүмкін, ғылыми зерттеуге де қатысады, жас мемлекеттік қызметкерлер тәжірибелі профессорлар мен эксперттерден онлайн тәлім ала алады.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.**

МАМАН КЕҢЕСІ

ОБЫР ДЕРТІ «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ

Дәрігерлер дабыл қағады

Алматы онкологиялық орталығына «жатыр мойны обырының II сатысы» диагнозымен 26 жастағы әйел жеткізілді. Науқас бір жыл бойы қанды бөліністер мен шағымдарға қарамастан дәрігерге жүгінбеген. Бұл туралы онкогинекология бөлімінің меңгерушісі Райхан Болатбекова айтты.

Екі балалы әйел жағдайы күрт нашарлап кеткен кезде ғана дәрігерге келген. Онкологиялық орталықтың онкогинекологтары күрделі үш сағаттық ота жүргізді: жатыр, жатыр мойны және регионарлық лимфа түйіндері алынды.

Ота сәтті өтті, қазіргі күні әйел

мамандардың бақылауында және химио-сәулелік терапия түрінде қосымша ем қабылдауда.

Райхан Болатбекованың айтуынша, Алматыда жатыр мойны обыры әйелдер арасындағы онкологиялық аурулар ішінде сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр. 2024 жылы бұл дерт бойынша 206 жаңа жағдай тіркелген. Негізгі жас тобы – 35–50 жас аралығындағы әйелдер.

Алайда, аурудың жасаруы үрдісі алаңдатарлық күйде қалып отыр. Мәселен, Алматыда 20–24 жас аралығындағы науқастарда жатыр мойны обырын диагностикалау жағдайлары тіркелуде. Ерте сатыда бұл ауру айқын белгілерсіз өтуі мүмкін, сондықтан тұрақты профилактика-

лық тексерулер мен скринингтен өту арқылы жатыр мойны обырын бас тапқы кезеңінде анықтап, сәтті емдеуге болады дейді онкогинеколог.

Мемлекеттік бағдарлама аясында 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер төрт жылда бір рет тегін скринингтен өте алады. Бұл – цитологиялық жағынды алу арқылы жүргізілетін, ерте диагноз қоюдың қарапайым әрі қолжетімді әдісі. Дәрігерлер барлық әйелге, тіпті бойдағы болмашы белгілердің өзін елемеге болмайтынын және гинекологқа тұрақты түрде баруға кеңес береді. Ал жоғарыда айтылған 26 жастағы науқас дәрігерге тым кеш келгендіктен, оның репродуктивті функциясын сақтау мүмкін болмады.

АРНО-2025

Азия физика олимпиадасы:



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР

8 медаль жеңіп алды

2025 жылғы 4–12 мамыр аралығында Сауд Арабиясының Дахран қаласында 25–ші Азия физика олимпиадасы (ARPhO–2025) өтті.

Беделді халықаралық додаға 30 елден 240-қа жуық мектеп оқушысы қатысты. Қазақстан құрамасы 100% нәтиже көрсетті. Барлық сегіз қатысушы да жүлдегер атанып, төрт күміс және төрт қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, Астана қаласындағы NurOrda мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Нұргүл Егенбергенова олимпиадаға қатысушы ең үздік қыз бала ретінде арнайы «Best Female» сыйлығына ие болды. Команда жетекшілері – Нұрдәулет Қаласов пен Андрей Сидоренко. Қола медаль иегерлерінің арасында алматылықтар Бекасыл Елубай мен Роман Черемнов та бар. Біз Қазақстан құрамасындағы дарынды оқушыларымызды шын жүректен құттықтаймыз!

• Біздің дәйектеме: Азия физика олимпиадасы – теориялық және эксперименттік күрделі тапсырмаларды қамтитын жоғары деңгейдегі халықаралық жарыс. 2024 жылы қазақстандық оқушылар бір күміс, бес қола медаль және бір мадақтама алған болатын. Ал 2025 жылы команда толық құрамда жүлде алып, айтарлықтай көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі).



Мемлекет басшысының биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы бұл саланың тамырына қан жүгірте бастады. Қазіргі таңда еліміздің барлық өңірінде жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттырып, жастарды осы салаға тарту үшін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Президент тапсырмасына сай қолға алынған бағдарлар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталып отыр. Жалпы, қоғамда еңбек нарығының ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі. Тіпті, бір мамандық жойылып жатса, жаңадан мамандық пайда болып, сұраныс пен ұсыныс қатар келіп жатады. Міне, осындайда мамандық таңдау оқу ордасының біліктілігін сынға салады. Сол үшін ең алдымен оқу ордасы сапалы маман даярлау үшін өзінің материалдық-техникалық базасын жақсартуы керек. Бұл ретте Болатжан Бозымбаев басшылық етіп отырған «Алматы электромеханика колледжі» нарықтың талабына толық жауап бере алатын мекеме екенін дәлелдеп отыр. Жақында аталмыш колледж Алатау ауданына қарасты Сабила Мырзашқызы басшылық етіп отырған №82 жалпы білім беретін мектеппен өзара меморандумға қол қойып, «Бір мектеп – бір дағды» («One School – One Skill») жобасын қолға алды. «Автоэлектрик», «Электр жабдықтарын монтаждаушы» атты негізгі мамандықтарды таңдаған оқушылар үшін АЭМК колледжінің арнайы пән оқытушысы Нәлжігіт Бекнұр теориялық дәрістерді, ал АЭМК колледжінде оқу өндірістік-ісі жөніндегі басшының орынбасары Асхат Райхан, пән оқытушылары Игенбай Нұрбол, Толыбаев Қуанышбек тәжірибелік сабақтарды өткізуді бастады.

«БІР МЕКТЕП – БІР ДАҒДЫ» жобасы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Орынша ӘЖЕНОВА, №82 ЖББ мектебінің кәсіптік бағдар беру маманы:

Таңдаған мамандықтарын игеретін болады

Әрине, мұндай жобалар оқушылардың қабілеттерін шыңдап қана қоймай, болашақ кәсібінде пайдалы болуы мүмкін. Олар кәсіби шеберліктің бастапқы дағдыларын алып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті әрі білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайтады. Сондай-ақ, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға көмектеседі. Алматы қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен Наурызбай ауданындағы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында арнайы және орта білім беретін колледждерінің қатысуымен «WordSkills Kazakhstan» стандарттары бойынша «JasSkills Almaty – 2025» қалалық кәсіби шеберлік чемпионаты өткен еді. Оған Алматы электромеханика колледжі дайындаған «Автоэлектрик» мамандығының «Шанақ жөндеу» құзыреттілігі бойынша №82 жалпы білім беру мектебінің оқушылары қатысқан еді. Жарыс шарты бойынша жеңімпаз оқушылар қаланың кез келген колледжіне грант жеңіп алды. Оқу жылының соңында «Автоэлектрик» және «Электр жабдықтарын монтаждаушы» атты негізгі мамандықтарын таңдап, теориялық және практикалық білім алған №82 мектеп оқушылары енді АЭМК колледжінің базасында таңдаған мамандықтарын игеретін болады.

ЖҮЗДЕСУ

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ҰСТАЗ

Алматыдағы Ж.Жабаев атындағы №161 лицей ұжымы Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Мирзозамен кездесті.

Тағылымды кешке Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтарбай Өтелбаев қатысты. Айтулы ұстаз Аягүл Мирзоза ұжымның шақыртуын ықыласпен қабылдап, уақытының тапшылығына қарамастан жүздесуге келді. Ұзақ жыл білім саласында жүріп, еңбегімен ел құрметіне бөленген ұстаздың құрметіне Алматыда қалалық, республикалық олимпиадалар өткені белгілі. Аталмыш іс-шара да қазақ білімінің дамуына елеулі үлес қосқан ұлағатты ұстаз Аягүл Мирзозаның тәжірибесін зерделеуге арналды.

Аягүл Мирзоза педагогика саласында көптеген еңбектер жазған ғалым. Оның отандық білім беру жүйесіне қосқан үлесі орасан зор. Білім беру саласында өзіндік қолтаңбасы бар ұстаз есімі математикалық олимпиадаға арқау болып, еліміздің жас таланттары үшін жаңа мүмкіндіктер ашып отырғаны да сондықтан. Кездесуде Аягүл Төреқызы Алматыда мұндай іс-шараның тұңғыш рет ұйымдастырылғаны үшін қала басшысына алғысын жеткізді. Аталмыш олимпиада жас ұрпақтың математикаға деген қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау мен аналитикалық қабілеттерін дамытып, сонымен қатар стан-



дартты емес тәсілдермен есептерді шешу дағдыларын қалыптастыратынын тілге тиек етті. Өмір жолынан үзік-үзік естелік айтып, жастарға бағдар берді, кеш бойы өзінің көр-

гені мен түйгенін әңгімеледі. Мұғалім мамандығының нағыз мамына айналу үшін тынбай ізденіп, ерінбей еңбек ету керек екенін тілге тиек етті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза СҰРАНШИЕВА, №161 лицей директоры:

Әр бағдардың шешімі бар

Қазіргі таңда ұстаз болу оңай емес, себебі әр мұғалім үнемі кәсіби дамып, өз дағдысын жетілдіреді. Бұған қоса, заман талабына сай оқушылардың, ата-аналардың психологиясын да жан-жақты меңгеруі керек. Сондықтан қазір бұрынғыдан да көбірек ізденіп, тынбай жұмыс істеуге тура келеді. Мектепке жетекшілік етуде қиындықтар жетерлік, еңбектенсең бірте-бірте беімделе, ысыла түсесің, әр нәрсенің өзіндік шешімі мен шешу жолдары бар, бір мақсатқа жеткізетін бағыт болады. Аягүл Мирзоза «ұстаз жолы жеке өміріңде өз білім-білігіңді дамыта отырып, ұжым мен оқушылар алдында ұлағатты, заман ағымын бағамдайтын, өз ісінің майталманы ретінде өзін өзгелер алдында көрсете алатын маман болып қалыптасу» екенін жастар жадына жеткізді деп ойлаймын.

СЕМИНАР

STEAM технологиясы:

ТЫҢ ТӘСІЛДЕР

Алматыда мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне арналған «STEAM технологиясы: эко-конструктор «Йохокуб» арқылы балалардың танымдық дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында семинар-практикум болып өтті.

Медеу ауданына қарасты №116 бөбекжай-балабақша шаңырағында өткен семинар барысында мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық құралдарды қолдану арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру және балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту жан-жақты талқыланды. Алдымен аталмыш балабақша ұжымы қонақтарды «Йохокуб» эко-конструкторымен таныстырып, өз тәжірибелерімен алмасты. Семинарда қалалық Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту бөлімінің басшысы Әлия Жолдасбекқызы, қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталық басшысы Наталья Карасёва, орталық әдіскері Жазира Бескемпірқызы, Медеу ауданы білім бөлімінің басшысы Ақнұр Оразханқызы, Медеу аудандық мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің бас маманы Әлия Омарова сөз алып, мектепке дейінгі саланың өзекті мәселелері мен келешегі туралы кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар, өзге қонақтар да аталмыш саланы дамытудың жолдары мен озық тәсілдері туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Педагог-психолог Мәдина Серікқызы «Өзін тану және өзін құрметтеу» атты психологиялық тренинг арқылы жағымды орта қалыптастырса, «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі, педагог-зерттеуші Әлия Исатаева «Йохокубия еліне саяхат», «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі Алевтина Цыганкова «Әріптер қалашығы», жоғары санаттағы тәрбиеші Гүлнар Жанұзаққызы «Қатпарлы қағаз Йохокуб елінде» атты ойын іс-әрекетін ұсынды. Іс-шараның шарықтау шегінде музыка жетекшісі Роза Раисқызының жетекшілігімен «Қарлығаш» тобы «Келіншек» күйін, «Балапан» тобы «Көктем» биін ұсынды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР



АССАМБЛЕЯ – 30



ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ –

ел бірлігінің айғағы

«Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ерекше маңызы бар іс-шара өтті. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған жыл сайынғы қайырымдылық акциясы – соғыс ардагерлеріне деген шынайы құрметтің жарқын үлгісі болды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шараның шымылдығын жас жеткіншектердің мәнерлеп оқыған жыр шумақтары ашты. Өнерпаздар ардагерлерге арнап патриоттық әндер шырқап, олардың ерлігін жырмен ұлықтады. Іс-шараға қатысқан қариялар өздеріне арналған құрметке риза болып, көңілдері толқып отырғандарын жасырмады. Концерттен кейін ардагерлер мен шақырылған қонақтарға арнайы дастархан жайылды.

Бұл игі бастама – «Ариана» ауған орталығы, «Ахыска» түрік этномәдени орталығы, «Қазақстандық орыс мәдени орталығы» қоғамдық бірлестіктерінің бірлескен еңбегінің жемісі. Көпұлтты еліміздің бірлігін, достығын және үлкенге құрмет көрсету дәстүрін паш еткен бұл күн ұмытылмас рухани әсерге толы болды. Ардагерлерге құрмет көрсету – тарихқа тағзым, болашаққа аманат.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жәнібек НӘЛІБАЕВ,
Алматы қаласы
ҚХА Ақсақалдар кеңесі
төрағасының орынбасары:

– Мақсатымыз – осы ақсақалдар мен ардақты аналарымызды айтулы мерекемен құттықтап, оларға сый-құрмет көрсету. Сол үшін арнайы концерттік бағдарлама мен дастархан жайылды.

Махмұд ИЛҮС,
«Ариана» ауған орталығының
төрағасы:

– Бұл – тек тарихи оқиғаларды еске алу ғана емес, сонымен қатар ардагерлерге деген құрметімізді, алғысымызды білдірудің тамаша мүмкіндігі. Биылғы іс-шараның аясында біздің шебер аспаздар қонақтарға ерекше дәмімен танымал палау тағамын ұсынды.

Бүгінгі іс-шара – ел ішіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстардың ынтымағы мен татулығын, бір-біріне деген сыйластығын көрсететін тамаша үлгі. Осындай бастамалар халықтың жүрегіне жол тауып, ортақ тарихымызды ұлықтай түседі.

ПАТРИОТТЫҚ ЖОБА

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

тарихи зердені қалыптастырады

ALMATY TOWERS бизнес орталығында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Біз батырлар ұрпағымыз» патриоттық жобасы аясында Диалог алаңы өтті. Ұйымдастырушы – Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Нұрлан
СҮЙІН

Іс-шара мақсаты – жастардың бойында патриоттық рух пен тарихи зердені қалыптастыру.

Диалог алаңына жастармен кездесуге майдангер батырлардың ұрпақтары шақырылыпты. Жас буынмен кездесуге даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, генерал И.В.Панфиловтың немересі Алуа Байқадамова, Мәскеуді қорғаған панфиловшы, Кеңес Одағының Батыры Әліпбай Қосаевтың неме-

ресі Базаркүл Смағұлова, Ұлы Отан соғысының батыры, дивизия командирі болған Күлшәріп Өміршиннің немересі Раис Өміршин, Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың ұрпағы Ұзақ Исмағұлов, т.б. келіпті.

Жастар қаһарман аталары жайында бейнефильмдер көріп, ұрпақтарының естеліктерін тыңдады. Жалпы, іс-шара барысында ҰОС батырларының ерлігі мен сол кезеңнің тарихи мұрасы талқыланып, жас буынға мол мәлімет берілді. Қаһарман аталар туралы деректер мультимедиа арқылы көрсетілді. Мұндай тағылымды іс-шаралар бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Руслан ДОСЕКЕЕВ,
Жетісу ауданы №137 мектептің 10-сынып оқушысы:

Тағылымды мәлімет көп

Қоғамдық даму орталығы ұйымдастырған «Біз батырлар ұрпағымыз» іс-шарасында мені еліміздің өткен тарихы, оның ішінде ҰОС кезеңі қызықтырады. Себебі, менің Оңғар атам майдангер болған. Биыл Жеңістің 80 жылдығына арналған көптеген осындай іс-шараларға қатыстым. Ал Диалог алаңында соғыста ерлік көрсеткен батыр аталар жайында көп тағылымды мәлімет алдық. Генерал Панфиловтың, Кеңес Одағының Батырларының, майдангер аталардың ұрпақтарымен сөйлестік.

СПОРТ

«БІЗ – БАТЫРЛАР ҰРПАҒЫМЫЗ»

Жастардың рухын шыңдайтын бәсеке

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы мен Қоғамдық даму орталығының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған жарыс жоғары деңгейде өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Біз – батырлар ұрпағымыз» деген атаудың өзі жасөспірімдердің бойына намыс пен жігер ұялатты. Елдің болашағы – жастар десек, олардың бойында патриоттық рухты ояту, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғырту – ең маңызды міндет. Осы мақсатта ұйымдастырылған іс-шараның басты ерекшелігі – әскери-спорттық бағытта өтуі.

Жарысқа 8–10-сынып оқушылары қатысып, түрлі сындардан өтті. Эстафеталарда олардың тек физикалық дайындығы ғана емес, интеллектуалдық қабілеті мен ұйымдастырушылық қасиеті де сынға түсті. Камуфляж киіп, әскери жабдықтармен жабдықталған қатысушылар АК-74 қаруының макетімен машықтанып, пневматикалық винтовкадан нысана көздеді. Бұл – жас сарбаз-



дардың болашақта ел қорғаны болуға дайын екендігінің бір көрінісі.

Іс-шара барысында оқушылардың бойындағы өзара сенім мен қолдау, командалық бірлік сынға түсті. Әскери тәртіп пен спорттың үйлесімі олардың

бойында жауапкершілік, шапшаңдық, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттерді қалыптастырды. Бұл сайыс жасөспірімдерге тек жеңіс үшін күресуді ғана емес, ел мен жер алдындағы борышты сезінуді үйретті.

Жарыс соңында үздік нәтиже көрсеткен командалар арнайы марапаттармен марапатталды. Дегенмен, бұл сайыстың ең үлкен сыйы – олардың жүрегіне ұялаған патриоттық рух пен ұлттық мақтаныш.

«Біз – батырлар ұрпағымыз» деген ұран оларға тек сөз ғана емес, өмірлік бағдар, болашаққа серт ретінде әсер етті. Осындай мазмұнды іс-шаралар жастардың жан-дүниесіне серпін беріп, рухани дамуына жол ашады. Батырлық – қанмен ғана емес, тәрбиемен берілетін қасиет. Ал мұндай бастамалар – сол тәрбиенің қайнар көзі, жас буынға ерлік сабақтарын үйрететін рухани мектеп. Себебі, елінің ертеңіне бей-жай қарамайтын, жүрегімен сезінетін жас азамат – елдің ең үлкен байлығы.

«Біз – батырлар ұрпағымыз» атты патриоттық жоба – тек бүгіннің емес, болашақтың қамын жейтін, елдің ертеңін ойлайтын іргелі идея. Осы сайыста көрініс тапқан рух, тәртіп пен ынтымақ – ұлттың ұлы мұраттарына бастар сара жолдың алғашқы қадамдары екені анық.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ТҮНГІ МЕГАПОЛИС

қауіпсіздік пен жайлылықтың символы болуға тиіс

Алматы – еліміздегі ең ірі мегаполис әрі қарқынды дамып келе жатқан шаһар. Қаланың мәдени және экономикалық орталық ретіндегі мәртебесі жыл сайын нығайып келеді. Алматылықтардың саны да күн санап артып, урбанизация үдерісі күшеюде. Осы ретте статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, түнгі шаһардағы қауіпсіздік мәселесі мен қауіп-қатерлер төңірегінде сөз қозғағанды жөн санадық.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Өзекті мәселелер


Мегаполис – еліміздің ірі туристік орталығы. Жыл сайын қалаға миллиондаған турист келеді. Егер түнгі уақытта қауіпсіздік төмен болатын болса, бұл туристерге теріс әсер етумен қатар, қаланың имиджіне де зиянын тигізеді. Сонымен қатар, қауіпсіздіктің жеткіліксіздігі шағын және орта бизнеске, атап айтқанда, түнгі уақытта жұмыс істейтін мейрамханалар, кафелер мен дүкендерге зиян келтіруі мүмкін. Көшелердің жарықтандырылуы да қаладағы қауіпсіздіктің негізі екенін ұмытпауымыз тиіс. Алматының орталық аудандарында жарықтандыру жүйесі жақсы дамығанымен, шеткі аудандарда, әсіресе, Алатау, Наурызбай, Түркісіб аудандарында бұл мәселе әлі де өзекті. Жарықсыз көшелер тәртіпсіздіктер жасауға қолайлы жағдай туғызуы мүмкін.

Қаладағы кейбір шеткері аудандардағы жарықтың жеткіліксіздігі, полиция патрульдерінің сиректігі, әсіресе, әйелдер, жастар және қарт адамдар арасында қауіпсіздікке алаңдаушылық туғызады. Көп жағдайда полиция қызметкерлері қылмыс болғаннан кейін ғана әрекет етеді, бұл құқықбұзушылықтардың алдын алуды қиындатады. Кісі тонау, бұзақылық және қарақшылық шабуылдар сияқты құбылыстар әдетте қоғамдық орындарда, әсіресе, көше қиылыстары мен аялдамаларда орын алатыны белгілі. Шаһарда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық төмендегенмен, мәселе толық бақылауда деп айту қиын. «Сергек» камераларының саны барлық аймақты қамтуға жеткіліксіз. Бейнебақылау жүйелері көбінесе қылмысты тіркеу үшін қолданылады, ал қылмыстың алдын алу мақсатына толық қанды қызмет ете алмай отыр. Екінші бір мәселе, қоғамдық көліктің жұмысы кешкі сағат 23.00-ден кейін шектелген. Бұл тұрғындарды түнде жеке көлік немесе такси қызметтерін пайдалануға мәжбүр етеді. Кейбір жағдайларда күмәнді жүргізушілер немесе жалған таксистермен байланысты қылмыстар түнгі уақытта орын алып жатады.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, қалада 2023 жылы 13 696 қылмыс тіркелген. Оның ішінде: тонау және ұрлық – 43%; бұзақылық және төбелес – 17%; алаяқтық және қаржылық қылмыстар – 11%; қарақшылық (көбінесе түнгі уақытта орын алған) – 6%.

Алматы полициясы қылмыс жиі орын алатын 22 түнгі клуб пен кафе-барды анықтап, оларды қатаң бақылауға алды. Осы мекемелерде бір жыл ішінде бұзақылық, ұрып-соғу және есірткі сатуға қатысты 86 құқық бұзушылық тіркелген.

Тіркелген қылмыстар саны (2023–2024 жылдар)



Бейнебақылаумен қамту деңгейі



Жоғарыдағы мәліметтер Алматы қаласында түнгі уақытта қылмыс деңгейінің қандай дәрежеде екендігін көрсетеді. Құқық қорғау органдары бұл мәселелерді шешу үшін түрлі шаралар қабылдауда, алайда тұрғындардың өз қауіпсіздігіне мұқият болуы және сақтық шараларын ұстануы маңызды.

Алматы әкімдігі шаһардың ескірген жарықтандыру жүйелерін жаңартып, барлық аудандарда жарықтандыруды 100 пайыз қамтамасыз ету жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Бұл қылмыстық оқиғаларды азайтуға септігін тигізеді.

Осы орайда түнгі уақытта, әсіресе, қылмыс көп тіркелетін аудандарда патрульдік полиция қызметінің санын арттырған жөн. Сонымен қатар, «қауіпсіз аудан» бағдарламасын іске қосып, жергілікті тұрғындардың белсенділігін арттырған дұрыс. «Жедел байланыс» желілерін іске қосып, тұрғындардан қауіп-қатер туралы жылдам ақпарат алуға болады. Такси қызметтерінің лицензияларын қатаң бақылап, олардың қауіпсіздігіне кепілдік беру маңызды. Сондай-ақ, қоғамдық көлік жұмысының түнгі уақыттағы кестесін ұзарту мәселесі де өзекті. Бейнебақылау камераларының санын көбейту және олардың сапасын арттыру қажет. Қаланың әртүрлі аймақтарында бейнебақылау камераларын орнату қауіпсіздікті арттырудың тиімді тәсілі. Азаматтардың өзара жауапкершілігін арттыру арқылы құқықбұзушылыққа қарсы тұруға болады. Бұл ретте мектептер мен университеттерде қауіпсіздікке арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Қоғамдық кеңестер мен еріктілерді тарта отырып, қылмыстық оқиғалардың азаюына мән берген жөн. Жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу үшін спорттық және шығармашылық секцияларды көбейтіп, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру науқандарын ұйымдастырған дұрыс.

Шетелдік тәжірибе

Мысалы, Жапония – әлемдегі ең қауіпсіз елдердің бірі болып саналады. Бұл елде түнгі қауіпсіздікке байланысты түрлі шаралар қабылданған. Жапонияның ірі қалаларында барлық көшелер мен қоғамдық орындарда бейнебақы-

лау камералары орнатылған. Әрбір тұрғынға немесе келушіге бақылаудың көрінуі құқықбұзушылықты алдын ала болдырмауға ықпал етеді. Жапонияда тұрғындардың белсенді қатысуымен жұмыс істейтін қоғамдық қауіпсіздік ұйымдары бар. Олар түнгі патрульдер жүргізіп, полиция қызметкерлеріне көмектеседі. Қаланың барлық аудандарында, тіпті тығыз орналаспаған көшелерде де жарықтандыру жүйесі толық жұмыс істейді.

Сингапурда «Ақылды қала» концепциясы жұмыс істейді. Бұл мемлекет инновациялық технологияларды қолдану арқылы қауіпсіздік деңгейін жоғарылатқан ел ретінде танымал. Онда көшелерден деректер жинап, талдайтын интеллектуалды жүйелер орнатылған. Бұл жүйелер күдікті әрекеттерді автоматты түрде анықтап, құқық қорғау органдарына сигнал береді. Сингапурлықтар «Қоғамдық қауіпсіздік» мобильдік қосымшалары арқылы құқықбұзушылықтар туралы ақпарат бере алады. Тұрғындар кез келген қауіп-қатер туралы полицияға жедел хабарлама жібереді.

Германияның құқық қорғау органдарының жұмыс істеу жүйесі қоғаммен тығыз байланысқа негізделген. Онда «Көрші қадағалау» бағдарламасы бар. Көршілер қауымдастығының белсенді қатысуымен қауіпсіздік бағдарламалары іске қосылған. Әрбір тұрғын күдікті әрекеттерді байқаған жағдайда, бұл туралы полицияға дереу хабарлайды. Қалаларда полиция патрульдерінің тығыздығы жоғары. Әсіресе, түнгі уақытта көпшілік жиі жүретін орындарда патрульдік көліктер мен жаяу полиция қызметкерлері жұмыс істейді. Көше жарығы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, азаматтарды өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақыратын ақпараттық науқандар жиі өткізіледі.

АҚШ-тың ірі қалаларында қоғамдық көліктің қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамдық көлік салондары мен аялдамаларда бейнебақылау камералары орнатылған. Бұл жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жүргізушілер мен кондукторлар төтенше жағдайларда әрекет ету бойынша арнайы дайындықтан өтеді. Көптеген АҚШ қалаларында қоғамдық көлік түнгі уақытта да үздіксіз жұмыс істейді.

Дамыған елдердің тәжірибесі Алматы қаласының түнгі қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөл атқара алады. Бейнебақылау, қоғамдық көлік қауіпсіздігі, жарықтандыру жүйесі және қоғаммен тығыз байланыс – бұл әлемдік тәжірибеде өз тиімділігін дәлелдеген шаралар. Алматы осы бағытта дамуға ұмтылса, қала тұрғындары мен қонақтары үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыра алады.

Алматы қаласының түнгі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүйелі және кешенді шаралар қолға алынып жатыр. Жарықтандыруды жетілдіру, полиция жұмысын нығайту, қоғамдық бақылауды дамыту сияқты қадамдар қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ең бастысы, қауіпсіздік мәселесін тек билік органдары емес, қоғамның әрбір мүшесі бірге шешуі керек. Түнгі Алматы – бұл тек әсем қала ғана емес, қауіпсіздік пен жайлылықтың да символы болуға тиіс. Қаланың болашағы оның қауіпсіздігіне тәуелді. Осы бағытта нақты әрі тиімді қадамдар жасалғанда ғана Алматы шын мәнінде жайлы мега-полиске айналады.



<i>Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2025 жылғы №01 шешімі</i> <i>Әділет департаментінде 2025 жылғы 12 мамырда</i> <i>№1809-02 болып тіркелген.</i>	
Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	
ШЕШТІ:	
1. Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1539 болып іркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:	
көрсетілген шешімнің №1 қосымшасында:	
1) №448, 474 сайлау учаскелерінің орталықтары осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;	
2) №421, 422, 423, 424, 427, 450, 451, 452, 453, 456, 607, 644 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;	
3) осы шешімнің №3 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №670, 671, 672 сайлау учаскелерімен толықтырылсын;	
2. «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:	
1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;	
2) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.	
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппарат басшысы А.Б.Сайделдаевке жүктелсін.	
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Аудан әкімі	Б.АҚЖАРОВ
КЕЛІСІЛДІ: Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы	А.ҚАЛЫҚОВА

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің шешіміне 1-қосымша

№448 сайлау учаскесі Орталығы: «Зу-Зу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Боралдай көшесі, 39.	
№474 сайлау учаскесі Орталығы: «№145 сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстар бар балаларға арналған арнайы бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сейфуллин даңғылы, 188 А.	

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің шешіміне 2-қосымша

№421 сайлау учаскесі Орталығы: «№31 жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гете көшесі, 261. Шекарасы: Сүйінбай даңғылынан Хмельницкий көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Майлин көшесіне дейін; Майлин көшесімен солтүстік-шығысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Писарев көшесіне дейін; Писарев көшесімен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Тәжібаев көшесіне дейін; Тәжібаев көшесімен солтүстікке қарай (батыс жағы) Элеватор көшесіне дейін; Элеватор көшесімен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Қарасу өзенінің арнасына дейін; Кіші Қарасу өзенінің арнасымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Сүйінбай даңғылындағы 263/21 үйінің солтүстік шекарасына дейін; Сүйінбай даңғылы 263/21, 263/20, 263/18 үйлерінің солтүстік шекарасымен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылының бойымен Хмельницкий көшесінің оңтүстігіне (шығыс жағы) қарай.	
--	--

№422 сайлау учаскесі Орталығы: «№32 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Монтажная көшесі, 33. Шекарасы: Физули көшесінен Писарев көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Қарасу 7 өзенінің арнасына дейін; Қарасу 7 өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Монтажная көшесіне дейін; Монтажная көшесімен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Захаров көшесіне дейін; Захаров көшесімен солтүстікке қарай (батыс жағы) Монтажная көшесіне дейін; Захаров көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Кіші Қарасу өзенінің арнасына дейін; Кіші Қарасу өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Шелковская көшесінің 32 үйіне дейін; Шелковская көшесіндегі 32 үйдің оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Шелковская көшесіндегі 1 үйдің батыс шекарасына дейін; Шелковская көшесі 1 үй аумағының батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Сүйінбай даңғылы 287 үй аумағының батыс шекарасымен солтүстікке қарай Сүйінбай даңғылы 287 үй аумағының батыс шекарасы бойымен (шығыс жағы) Сүйінбай даңғылы 351 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Сүйінбай даңғылы 351 үй аумағының оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылымен солтүстікке қарай (Шығыс стортна) Гете көшесінің тұсына дейін; Гете көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Бекмаханов көшесіне дейін.	
---	--

№423 сайлау учаскесі Орталығы: «№170 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Магнитный көшесі, 31. Шекарасы: Гете көшесінен Бекмаханов көшесімен шығысқа (оңтүстік жағы) Майлин көшесіне дейін; Майлин көшесімен оңтүстікке (батыс жағы) Физули көшесіне дейін; Физули көшесімен оңтүстікке (батыс жағы) Писарев көшесіне дейін; Писарев көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Тәжібаев көшесіне дейін; Тәжібаев көшесімен солтүстікке (шығыс жағы) Элеватор көшесіне дейін; Элеватор көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Кіші Қарасу өзенінің арнасына дейін; Кіші Қарасу өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Шелковская көшесінің 32 үйіне дейін; Шелковская көшесіндегі 32 үйдің оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Шелковская көшесіндегі 1 үйдің батыс шекарасына дейін; Шелковская көшесі 1 үй аумағының батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Сүйінбай даңғылы 287 үй аумағының батыс шекарасымен солтүстікке қарай Сүйінбай даңғылы 287 үй аумағының батыс шекарасы бойымен (шығыс жағы) Сүйінбай даңғылы 351 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Сүйінбай даңғылы 351 үй аумағының оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылымен солтүстікке қарай (Шығыс стортна) Гете көшесінің тұсына дейін; Гете көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Бекмаханов көшесіне дейін.	
---	--

№424 сайлау учаскесі Орталығы: «№89 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Поддубный көшесі, 155. Шекарасы: Бекмаханов көшесінен Майлин көшесімен солтүстік-шығысқа (оңтүстік-шығыс жағы) Бұқтырма көшесіне дейін; Бұқтырма көшесімен оңтүстік-шығысқа (оңтүстік-батыс жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Монтажная көшесінен солтүстікке (шығыс жағы) Захаров көшесіне дейін; Захаров көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Қарасу 7 өзенінің арнасына дейін; Қарасу 7 өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Монтажная көшесіне дейін; Монтажная көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Монтажная көшесі 27 Б үйдің батыс шекарасына дейін; Монтажная көшесі, 27 Б, 29 А үйлердің батыс шекарасымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Монтажная көшесі, 33 үйдің оңтүстік шекарасына дейін; Монтажная көшесі, 33 үйдің оңтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Захаров көшесіне дейін; Захаров көшесімен солтүстікке (шығыс жағы) Бекмаханов көшесіне дейін Майлин көшесі, 215 Б үйдің шекарасын қоса алғанда.	
--	--

№427 сайлау учаскесі Орталығы: «Д.Басаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Алтай-1» шағынауданы, 28-үй. Шекарасы: Захаров көшесінен Наманганская көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Поддубный көшесіне дейін; Поддубный көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Новокузнецкая көшесіне дейін; Новокузнецкая көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Майлин көшесіне дейін; Майлин көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Бекмаханов көшесіне дейін; Бекмаханов көшесінен Майлин көшесіндегі 77 А, 77, 77 В үйлер аумағының батыс жағымен және «Алтай-1» шағынауданының 29/1 үйінің солтүстік-шығысына (оңтүстік-шығыс жағы) «Алтай-1» шағынауданының 11 үй аумағының солтүстік-шығыс шекарасына дейін; «Алтай-1» шағынауданының 11, 10, 9, 8, 7 үйлер аумағының оңтүстік-шығысымен солтүстік-шығысқа (оңтүстік-батыс жағы) Захаров көшесіне дейін; «Алтай-1» шағынауданының 4 үйінің аумағының шекарасын қоспағанда; Захаров көшесімен солтүстікке (шығыс жағы) Наманганская көшесіне дейін.	
--	--

№450 сайлау учаскесі Орталығы: «№59 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сауранбаев көшесі, 12 А. Шекарасы: Сүйінбай даңғылынан Шолохов көшесімен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Ақан сері көшесіне дейін; Ақан сері көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Молдағалиев көшесіне дейін, Молдағалиев көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Станкевич көшесіне дейін, Станкевич көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Аймауытов көшесіне дейін; Аймауытов көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Ганибет көшесіне дейін «№4 перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аумағын қоспағанда; Ганибет көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Майборода көшесіне дейін, Майборода көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Байкал көшесіне дейін; Байкал көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Чкалов көшесіне дейін, Чкалов көшесімен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Шымкент көшесіне дейін; Шымкент көшесімен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Разин көшесіне дейін; Разин көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Байкал көшесіне дейін, Байкал көшесімен оңтүстікке қарай (барлық үйлерді қоса алғанда) Стахановская көшесіне дейін, Стахановская көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін, Сүйінбай даңғылымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Шолохов көшесіне дейін, Сүйінбай даңғылы, 265, 267, 269, 271, 273 үйлердің аумағын қоса алғанда.	
---	--

№451 сайлау учаскесі Орталығы: «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы Алматы облыстық мамандандырылған гимназия–интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Чернышевский көшесі, 43. Шекарасы: Жансүгіров көшесінен Богатырская көшесімен шығысқа (оңтүстік жағы) Словак көшесінің 2/2 үйіне дейін; Словак көшесінің 2/2 үйінің шығыс жағымен оңтүстікке (батыс жағы) Бүденный көшесіне дейін; Бүденный көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Палладин көшесіне дейін; Палладин көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жансүгіров көшесіне дейін; Жансүгіров көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Богатырская көшесіне дейін.	
--	--

№452 сайлау учаскесі Орталығы: «№59 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сауранбаев көшесі, 12 А. Шекарасы: Лев Толстой көшесінен Лев Толстой көшесінің 2 Е үйі аумағының солтүстік шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Шолохов көшесіне дейін; Шолохов көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ақан сері көшесіне дейін; Ақан сері көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Молдағалиев көшесіне дейін; Молдағалиев көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сауранбаев көшесіне дейін; Сауранбаев көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Шолохов көшесіне дейін; Шолохов көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Лев Толстой көшесіне дейін; Лев Толстой көшесімен солтүстікке (шығыс жағы) Лев Толстой көшесінің 2 Е үйінің солтүстік шекарасына дейін.	
---	--

№453 сайлау учаскесі Орталығы: «№83 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шолохов көшесі, 28. Шекарасы: Лев Толстой көшесінен Шолохов көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Чехов көшесіне дейін, Чехов көшесімен солтүстікке қарай (Чехов көшесіндегі үйлер аумағының екі жағын қоса алғанда) Тынышпаев көшесіне дейін, Тынышпаев көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Кунгурская көшесіне дейін; Кунгурская көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Станционная көшесіне дейін; Станционная көшесінен шығысқа (оңтүстік жағы) Лев Толстой көшесіне дейін; Лев Толстой көшесімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Шолохов көшесіне дейін.	
---	--

№456 сайлау учаскесі Орталығы: «№6 оқушылар үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Сейфуллин даңғылы, 13. Шекарасы: Чехов көшесінен Шолохов көшесімен шығысқа (оңтүстік жағы) Сауранбаев көшесіне дейін; Сауранбаев көшесімен оңтүстікке (батыс жағы) Молдағалиев көшесіне дейін; Молдағалиев көшесімен шығысқа (оңтүстік жағы) Лев Толстой көшесіне дейін; Лев Толстой көшесімен оңтүстікке (батыс жағы) Аймауытов көшесіне дейін; Аймауытов көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылынан оңтүстікке қарай (батыс жағы) Майборода көшесіне дейін; Майборода көшесінен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сейфуллин даңғылы 51 үйінің шығыс жағына дейін; Сейфуллин даңғылы 51 үйінің шығыс жағымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Физкультурная көшесіне дейін; Физкультурная көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Чехов көшесіне дейін; Чехов көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Шолохов көшесіне дейін.	
--	--

№607 сайлау учаскесі Орталығы: «№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қайрат» шағынауданы, 19–шы көше, 20/2 үй. Шекарасы: Тараз көшесіндегі 58 үй аумағының шекарасынан солтүстікке (шығыс жағы) «Қайрат» шағынауданының 17 көшесінің 27 үйінің аумағының солтүстік шекарасына дейін; 17 көшедегі 27 үйінің аумағының солтүстік шекарасымен оңтүстік-шығысқа (оңтүстік-батыс жағы) Құлжа трактісіне дейін; Құлжа трактімен оңтүстік-батысқа (солтүстік-батысқа қарай) «Қайрат» шағынауданының 182 үйінің батыс шекарасына дейін; батыс жағымен одан әрі «Қайрат» шағынауданының 182 үйінің «Қайрат» шағынауданының «Жетісу» әмбебап базары) солтүстік шекарасы бойымен, «Қайрат» шағынауданының 10 көшесіне дейін; «Қайрат» шағынауданының 10-көшесі бойымен солтүстік-батысқа (солтүстік-шығыс жағы) Қарасу 10 өзенінің арнасына дейін; Қарасу 10 өзенінің арнасы бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Тараз көшесіне дейін; Тараз көшесімен солтүстік-батысқа қарай (солтүстік-шығыс жағы) Тараз көшесіндегі 58-үйінің аумағының шекарасына дейін.	
--	--

№644 сайлау учаскесі Орталығы: «№211 мектеп–гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. «Қайрат» шағынауданы, 19–шы көше, 20/2 үй. Шекарасы: Кіші Алматы өзенінің арнасынан, Қонаев ТК 336 үйінің 4 корпусы, 336 үйінің 7 корпусы, 336 үйінің 12 корпусы аумағының солтүстік-шығыс жағымен оңтүстік-шығысқа (оңтүстік-батыс жағы) Қонаев ТК 336 үйінің 13 корпусы аумағының оңтүстік-шығыс жағына дейін; Қонаев ТК 336 үйінің 13 корпусы, 336 үйі 14 корпусының оңтүстік-шығыс жағымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) 19-шы көше 20/2 үйінің аумағына дейін («№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі). 19-шы көше 20/2 үйдің аумағы бойымен («№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) оңтүстік-шығысқа (оңтүстік-батыс жағы) Жарбулақ өзенінің арнасына дейін; Жарбулақ өзенінің арнасы бойымен оңтүстік-батысқа (солтүстік-батыс жағы) Жарбулақ өзенінің оңтүстік жағымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен солтүстікке (шығыс жағы) Қонаев ТК 336 үйінің 4 корпусы аумағының солтүстік-шығыс жағы тұсына дейін.	
--	--

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің шешіміне 3-қосымша

№670 сайлау учаскесі Орталығы: «№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Алматы қаласы, «Қайрат» шағынауданы, 19–шы көше, 20/2 үй. Шекарасы: «Қайрат» шағынауданындағы Ақжамал көшесінен Жарбулақ өзенінің арнасы бойымен солтүстікке (шығыс жағы) 19-шы көшесіндегі 20/2 үйге дейін («№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі); 19-шы көшесіндегі 20/2 үйдің солтүстік-шығыс жағымен, солтүстік-батысқа қарай (солтүстік-шығыс жағы) оңтүстік-шығысқа қарай Қонаев ТК 336 үйдін, 14 корпусының оңтүстік-шығысына дейін; Қонаев ТК 336 үйдін, 14 корпусының, 336 үйдін, 13 корпусының оңтүстік-шығыс жағымен Қонаев ТК 336 үйдің, 12 корпусы, 336 үйдің 7 корпусының солтүстік-шығыс жағымен, Қонаев ТК 336 үйдін, 4 корпусынан солтүстік-батысқа қарай (солтүстік-шығыс жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) «Қайрат» шағынауданының Береке-2 тұрғын алабының үйлеріне дейін; «Қайрат» шағынауданының Береке-2 тұрғын алабының солтүстік шекарасымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) «Қайрат» шағынауданының 17-ші көшесіндегі 27 үйдің шығыс шекарасына дейін; «Қайрат» шағынауданының 17-ші көшесіндегі 27 үйдің шығыс шекарасы бойымен оңтүстікке (батыс жағы) «Қайрат» шағынауданының Көрімдік көшесіне дейін; «Қайрат» шағынауданының Көрімдік көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жаяу Мұса көшесіне дейін; «Қайрат» шағынауданының Жаяу Мұса көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Ақжамал көшесіне дейін; «Қайрат» шағынауданының Ақжамал көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жарбулақ өзенінің арнасына дейін.	
---	--

№671 сайлау учаскесі Орталығы: «№211 мектеп–гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Алматы қаласы, «Қайрат» шағынауданы, 19–шы көше, 20/2 үй. Шекарасы: «Қайрат» шағынауданындағы 17-ші көшесіндегі 27 үйдің солтүстік шекарасынан солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Бұқтырма көшесіне дейін; Бұқтырма көшесімен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Құлжа тасжолына дейін; Құлжа тасжолымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Медеу ауданының Құлжа тасжолындағы 100/1-үйге дейін; Медеу ауданының Құлжа тасжолындағы 100/1 үйден солтүстік-батысқа (солтүстік-шығыс жағы) «Қайрат» шағынауданындағы 17-ші көшесіндегі 27 үйінің солтүстік шекарасына дейін.	
--	--

№672 сайлау учаскесі Орталығы: «№15 бөбекжай–балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Алма-ты қаласы, Сауранбаев көшесі, 24-үй. Шекарасы: Сейфуллин даңғылынан Майборода көшесі бойымен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Сейфуллин даңғылы 51 үйдің шығыс шекарасына дейін, Сейфуллин даңғылы 51 үйінің шығыс шекарасы солтүстікке қарай (батыс жағы), 51 үйдің 1 корпусының солтүстік шекарасына дейін; Сейфуллин даңғылы 51 үйдің 1, 12, 3, 10, 11, 13, 15, 16, 17 корпустарының батыс шекарасымен Сейфуллин даңғылы 51 үйдің 22 корпусының оңтүстік шекарасына дейін; Сейфуллин даңғылы 51 үйдің 22 корпусының оңтүстік жағы шығысқа қарай (солтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін, Сейфуллин даңғылымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Майборода көшесіне дейін.	
---	--

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №208 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 13 мамырда №209886 болып тіркелді.	
ШЕШІМ	№208
2025 жылғы 28 сәуір	
«2025 жылға дейін Алматы қаласы үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы №379 шешімінің күші жойылды деп тану туралы	
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:	
1. «2025 жылға дейін Алматы қаласы үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы № 379 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 577 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.	
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИЕВ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2025 жылы 20 мамырда сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Алматы қаласы, Жароков көшесі, 18 мекенжайдағы «М.Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданы әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өткізіледі. Жинға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және қалалық басқарма өкілдері қатысады. Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Telegram – almalysaudany, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.	
---	--

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 7 шілде, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынұмпарлар, алқалар). Лоттар саны – 592 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 18 маусым, сағат 18.00-ге дейін. Сауда
--



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Оқушылар сарайының Экология және биология бөлімі ұйымдастырған мерекеге мыңға жуық қала мектептерінің оқушылары қатысып, фестиваль биыл «Таза Қазақстан» науқаны аясында өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Көктем мерекесін әдемі әуен аясында тербеле білеген ертегі кейіпкерлері мен «Almaty Youth Jaz Band» тобы ашты. Табиғатқа тіл бітірген керемет мереке көрермендерді көтеріңкі көңіл күйге бөлеп, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер көрмесін тамашалаумен басталды.

Еліміз ертеден-ақ жабайы қызғалдақтың Отаны деген атпен даңқы шыққанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Бұл жәй айтыла салған тегін теңеу емес. Өйткені, кең байтақ даламызда көздің жауын алар қызғалдақтың жүздеген түрі өседі. Тіпті, гүл өсірумен даңқы шыққан Голландияның өзі біздің елді қызғалдақтың отаны деп құрмет тұтып, «Қазақстан» деп аталатын қызғалдақтың сортын ойлап табуының өзі осы сөзімізге дәлел болса керек.

Иә, «Гүл патшалығы» атанған елдің бізге бұлай бүйрегін бұруы тегін емес. Өйткені, біздің елімізден апарып отырғызған қызғалдақ гүлдері жат топырақты бірден жерсініп кетеді екен. Міне, мерекені тамашалауға келген қала тұрғындары кең байтақ даламыздың ғана емес, қаламыздың да көркіне айналған қызғалдақтың бірнеше түрінің бар екенін көріп, оның шығу тарихымен де терең танысты. «Жасыл қалашық» төріне қызғалдақтың сан түрі бейнеленген әдемі суреттер, олардың шыққан тегі, жері, жалпы тарихы көрсетілген.

Бұған қоса, бұл маңда арнайы «Қызғалдақ алаңы» да бар. Сұлулықты қоршап, айнала отыра қалған жас бояу шеберлері «дала еркесінің» табиғи қалпын сол қалпында қағазға түсіріп, бейнелеу үшін барынша тырысып жатыр. «Менің қызғалдағым» атты

«КӨКТЕМ КӨРКІ – ҚЫЗҒАЛДАҚ»

Алматыда көктемнің шырайын келтіретін дәстүрлі фестиваль өтті



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан БЕКТАЕВ,
Экологиялық-биологиялық
бөлім жетекшісі:

– Фестивальдің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақ бойына табиғатқа деген сүйіспеншілікті сіңіру. Жылдың осы мезгілінде елімізде көктемде гүлдейтін эндемикалық өсімдіктердің сан түрі өседі. Бұлардың қатарында Алатау шафраны, қызғалдақтың бірнеше түрлері, ирис, басқа да өсімдіктер бар. Міне, Оқушылар сарайының бастамасымен жүзеге асқан бұл экологиялық мереке – көктемнің көркі мен мазмұнын біріктірген тағылымды іс-шара арқылы табиғатқа қолдау көрсету. Келер жылы жасыл әлемді аялауға үндейтін фестивальдің ауқымын кеңейтіп, мазмұнын жаңаласақ деп отырмыз.

плэнерде шығармашылық бірлестіктің жас суретшілері акварельмен дала гүлдерінің бейнесін қағаз бетіне түсірді. Сондай-ақ, «Жас шеберлер» деп аталатын арнайы орында қала мектептерінің жас флористері «Көктем гүлдерінің себеті» атты байқауға қатысты.

Сонымен қатар, бұл күні кішкентай арулар түрлі бұйымның қалдықтарынан тігіліп, дала гүлдерімен безендірілген көйлектерімен «Көктемнің нәзік гүлі» деп аталатын көмкерілген костюмдер шеруі – «Дефилле»

костюмдер байқауына қатысты. Табиғи қалдықтарды кәдеге асырып, одан қызғалдақ бейнесінде киімдер тігудің өзі үлкен шеберлік. Осынау сәтте шоқ гүл секілді топтаcқан бүлдіршіндер сахнаны гүлзарға айналдырды. Іс-шара аясында шеберлік сабақтар өтіп, жас суретшілер мен флористердің туындылары көпшілік назарына ұсынылды.

Сондай ақ, іс-шара аясында «Көктем сыйы» байқауы ұйымдастырылды. Онда 25 қатысушы табиғи және инертті материалдарды пайдалана отырып, гүлдер

композициясын жасады. Осынау мереке барысында Оқушылар сарайының Экология және биология бөлімі мектеп оқушылары мен қала тұрғындарының арасында ағартушылық және тәрбиелік жұмысты да қоса жүргізді. Бұл тұрғыда көктемнің көркіне айналған нәзік гүлдің ғұмырын сақтауды мақсат еткен «Көктем көркі – қызғалдақ» фестивалінің де үлесі зор.

ӨНЕР

QUNART

Дәстүр мен заманды ұштастырған көрме

Алматыдағы Әбілхан Қастеев атындағы АҚР Мемлекеттік өнер музейінде қазақ өнеріндегі мал шаруашылығының символизмін көрсететін ерекше көрме өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Qunart: қазақ өнеріндегі қой бейнесінің тарихы» экспозициясы дәстүр мен заманауилықты шебер ұштастыра отырып, Қазақстанның мал шаруашылығы мен мәдениетіне назар аудартатын Qunar+ реалисти-шоуының лайықты жалғасы іспетті.

Көрме – қазақ халқының өміріндегі ең маңызды тақырыптардың бірі – мал шаруашылығын визуалды түрде бейнелейтін бірегей жоба. Қой шаруашылығы көшпелі халық үшін ғасырлар бойы басты кәсіп болды, ал шексіз дала мен жартылай шөлейт жайылымдар қой өсіруге өте қолайлы жағдай жасады. Бұл кәсіп ата-бабамызды етпен, жүнмен, сүтпен, терімен қамтамасыз етіп қана қоймай, осы өнімдерді көршілес отырықшы халықтармен айырбастауға да мүмкіндік берген. Көркем жобаның басты ерекшелігі – музей қорындағы бірегей коллекция пайдаланылған. Көрмеге сирек қойылатын әрі көрермен назарына жиі іліге бермейтін шығармалар таңдалды.

Олардың қатарында Әбілхан Қастеев, Анарбек Нақысбеков, Константин Плюхин, Сахи Романов, Әбдірашит Сыдыханов, Ғани Баянов, Бақыт Бәпишев, Айша Ғалымбаева, Молдахмет Кенбаев, Жанатай Шарденов және басқа да суретшілердің туындылары бар. Сонымен қатар, көрмеге қазіргі заманғы отандық суретшілер де қатысқан.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақерке ТАТИШЕВА,
«Qunar Creative» қоғамдық бірлестігінің
негізін қалаушы және жоба жетекшісі:

Болашақ – бүгіннен

«Qunar» жобасы арқылы біз фермерлік пен ауыл тұрмысына жаңаша бағытта қарау өткеннің емес, болашақтың ісі екенін көрсеткіміз келеді. Qunar+ реалисти-жобасын қазақ тілінде жасағанымыз да сондықтан. Ата-бабамыздың дауысы өз тілімізде шынайы естіліп, бүгінгі ұрпаққа күш берсін дейміз.

Qunar+ реалисти-жобасының идеясын қолға алғанда бізді бір статистика қатты ойландырды: 1990 жылы Қазақстанда 9,8 миллион ірі қара мен 36 миллион ұсақ мал болған. Қазір бұл көрсеткіш – 8,5 пен 21 миллион ғана. Бұл жай сандар емес, бұл бізге ой салатын, әрекетке итермелейтін шындық. Болашақты ойласақ, бүгіннен бастауымыз керек.